**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі**

**Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

# ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ӨҢДЕУ

Пән коды: ЖББ 04
Пәні: «География»
Мамандығы: 09110100 «Стоматология»
Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»
Оқу сағатының кредиттің / көлемі: 48/2
Теория: 48
Курсы: 1
Семестрі: 1
Бақылау түрі: с. сынақ

Шымкент, 2024 ж.

**«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.**

**Хаттама №_1_ «_27_»_08_2024 ж.**

**Кафедра меңгерушісі: ____________ А.Т. Сатаев**

**№ 1 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**:Дүние жүзінің саяси картасы. Мемлекеттердің құрылысы.
Сағат саны:135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:**Әлем елдерінің мемлекеттік құрылысы мен әкімшілік территориялық құрылыс формасы жайлы, халықаралық қатынастар, саяси картадағы өзгерістер туралы түсінік беру, оны контур картасына түсіру.

**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.

**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі-** 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын  тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша  білімін тексеру.**30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау

**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин

**5.3.Ақпараттық-дидактикалық бөлім.**

**Сандық өзгерістер:**

1. Жаңадан ашылған жерлердің мемлекет аумағына қосылуы.
2. Соғыстан кейін жерді алу немесе жоғалту.
3. Ерікті жеңілдіктер.
4. Аумақтардың ыдырауы немесе қосылуы.

**Сапалық өзгерістер:**

1. Елдегі саяси жүйенің өзгеруі.
2. Әскери блоктардың құрылуы.
3. Экономикалық одақтардың құрылуы.

Экономикалық және әлеуметтік географияда екі маңызды ұғым бар: шекаралар мен аумақтар.

Экономикасы дамыған және дамушы елдер.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі әлемнің саяси картасы.

Халықаралық қатынастардың қазіргі кездегі жағдайы.

Мемлекетті басқарудың түрлері мен формалары.

Териториясының көлемі жағынан ең үлкен жеті ел көзге түседі олардың әрқайсысының ауданы үш млн км ден асады бұлар қосыла келе бүкіл құрлықтың жартысын құрайды Халқының санекғң жөнінен ең үлкен он ел  көзге түседі,олардың әрқайсысында жүз млн нан астам адам тұрады,бұл елдердің халқы жер шары халқының бестен үш бөлігін құрайды.Саяси картада орташа және шағын елдердің саны басым.Әдетте ұсақ мемлекеттерде бар.елдерді географиялықорнының ерекшеліктеріне қарай топтастыру әдісі де жиі қолданылады.Осыған байланысты жағалауындағы, түбектердегі, аралдардағы,архипелагтардағы елдер болып бөлінеді.Теңізге шыға алмайтын елдер ерекше топқа жатады.Дүние жүзі елдерін көлемі мен географиялық орнына байланысты екіге бөлеміз.Біріншісі экономикасы дамыған елдер, екіншісі дамушы елдер.Біріккен

ұлттар ұйымы экономикасы дамыған елдердің қатарына Еуропаның, Азияның,Африканың, Солтүстік Американың,Австралия мен Мұхиттық аралдардың шамамен алпыс елін жатқызады.олардың бәрінің экономикалық және әлеуметтік дамуденгейі жоғары жә"не жан басына келетін жалпы ішкі өнім мөлшері де айтарлықтай мол. Алайда бұл елдер тобы іштей қарағанда айтарлықтай әркелкі болып келеді және оның құрамынан төрт топшаны бөліп көрсетуге болады.Олардың бірінші топшасын "Батыс елдерінің үлкен жетілігі" құрайды.Оған АҚШ,Жапония, ГФР, ФРАНЦИЯ,Ұлыбритания, Италия жане Канада кіреді.Бұлар батыс дүниесінің ірі эканомикалық және саяси іс әрекеттерімен көзге түсетін жетекші елдері.Дүниежүзілік жалпы ұлттық өнім мен өнеркәсіп өндірісінің елу проценттен астамы ауыл шаруашылық өнімдерінің жиырма бес проценттен астамы жетіліктің үлесіне келеді.Жан басына шаққанда жалпы ішкі өнім оларда он мың доллардан жиырма мың долларға дейін жетеді.Бұлардан гөрі орташа елдерді ,ең алдымен Еуропа елдерін екінші топшаға жатқызуға болады.Әрқайсысының саяси және экаиомикалық қуаты үлкен болмасада,олар дүнинжүзілік мәселелерде жалпы алғанда зор,рөл атқарады.олардың көпшілігі жалпы ішкі өнімді жан басына есептегенде "үлкен жетілік" елдеріндегідей мөлшерде өндіреді.
Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде 1991 жылдың жылдың соңында құрылған Тәуелсіз Елдер Мемлекеттер достығына кіретін елдерді айрықұша топшаға біріктіруге болады.Біріккен Ұлттар Ұйымы барлық қалған елдер мен территорияларды дамушы елдерге жатқызды.Олардың бәрінің жер көлемі құрлықтың жартысынан астамын алып жатыр,мұнда дүниежүзі халқының жартысынан астамы шоғырланған,Қытайды қоса есептелгенде дүние жүзі халқының жетпіс проценттен астамын құрайды.Дүние жүзінің саяси картасында бұл елдер экваторда солтүстікте және әсіресе оңтүстікке қарай,Азияда,Африкада,Латын Америкасы мен Мұхиттық аралдарда кең байтақ белдеуді алып жатыр. Олардың кейбіреулері екінші дүние жүзілік соғысқа дейін ақ тәуелсіздік алған болатын.Бірақ көпшілік тәуелсіздікті соғыстан кейін гі кезеңде жеңіп алды.Бұл кезеңде жүзге жуық жас тәуелсіз мемлекет құрылып,олар азаттық алған елдер деп аталды.Кейде үшінші әлем деп аталатын дамушы елдердің құбылмалы дүниесі іштей де әртекті.Оларды бірнеше топшаға бөледі.Табиғи экаиомикалық адам қуаты өте күшті және көп ретте дамушы елдердің көшбасында тұратын Үндістан,Бразилия,Мексика секілді шешуші елдер бірінші топшаны құрайды.Бұл аталған үш ел қалған дамшы елдердің бәрі бірігіп өндіретін өнеркәсіп өнімін дерлік бере алады.Бірақ оларда жан басына өндірілетін жалпы ішкі өнім экаиомикасы дамыған елдердегімен салыстырғанда айтарлықтай төмен.Жаңа индустриялық елдер деп аталатын аздаған елдермен территорияларды екінші таяуда ғана пайда болған елдер топшасына ғана жатқызуға болады.70-80 жылдары -зге дамушы елдердің көпшілігін басып озған Корея,Тайвань,Гонконг,Сингапур осы топшаның көрнекті өкілдері.Сауд Арабиясы ,Кувейт,Катар,Біріккен Араб Әмірлігі ,Ливия,Бруней секілді сыртқа мұнай шығаратын елдер үшінші шағын топшаны құрайды.Бұл елдерде мұнайдан түсетін доллар тасқынның арқасында жан басына өндірілетін жалпы ішкі өнімнің мөлшері он он бес мың доллардан асып түседі.Дамуы жағынан артта қалған ондаған елдер ең үлкен төртінші топшаны құрайды.Оларда қазіргіе дейін феодалдық қалдықтар күшті байқалатын көп укладты мешеу экономика басым.Халқының жалпы саны 400 млн. адамнан асатын 42 ел бесінші топшаны құрайды олар біріккен ұлттар ұйымының жіктеуі бойынша мешеу елдерге жатады.Бұл елдерге тұтынушы ауыл шаруашылығы басын өңдеуші өнер кәсірп жоққа тән ересек 2\3 бөлігі сауатсыз жанбасына орташа өндірілетін жалпы ішкі өнім не бәрі 100-200 доллар шамасында.Мысал.Бұл топшаға Азй яда Бангладеш,Непал,Ауғанстан,Йемен,Африкада Мали,Чад,Эфиопия,Сомали,Латын Америкасында Гаити жатады.Біріккен Ұлттар

Ұйымында қоғамдық құрылысында өндірісінде де өзіндік ерекшеліктері бар Қытайды дамушы елдердің қатарында жатқызады.

**Дүние жүзі елдерінің мемлекеттік құрылысы.**

Басқарудың негізгі екі түрі;республикалық және монархиялық басқару.Қай елдің болса да,мемлекеттік құрылысы ең алдымен ондағы басқару түріне байланысты.Басқарудың негізгі екі түрі бар.Республикалық басқару ерекше кең таралған,өйткені дүние жүзіндегі барлық елдердің 3\4 і республикалар болып табылады.Республика дегеніміз заң шығаратын ең жоғары өкімет билігі сайланатын өкілетті орган парламенттің,ал атқарушы өкімет билігі өкіметтің қолында болатын басқару түрі.Саяси тәуелсіздікті жеңіп алғаннан кейін азат болған елдердің көпшілігі мемлекетті басқарудың республикалық түрін қабылдады.Египет,Эфиопия,Иран секілді мың жылдық монархиялар да республикалар болып жарияланды.Монархиялық басқару әлдеқайда аз таралған,өйткені дүние жүзінде не бәрі 30 монархия бар.Монархия дегеніміз мемлекет басшысы император,король,герцог,князь,сұлтан т. с. с.болып келетін басқару түрі.Мұндай жоғары өкімет билігі атадан балаға мұра ретінде беріліп отырады.Олардың ішінде конституциялық монархиялар басым,мұнда нақты заң шығару билігі парламенттің қолында,ал атқарушы өкімет билігін өкімет жүргізеді,монархтың өзі,былайша айтқанда,"патшалық етеді, бірақ басқармайды.Оларда монархиялық құрылыс басқаша,кейде бейне бір бейне өткен кездегі "тақ құдіретін"еске салатын мыңдаған жылғы дәстүр ретінде сақталады.Ұлыбритания дүние жүзіндегі конституциялық монархия лық ең көне ел.Король мемлекеттің,сот жүйесінің басшысы,қарулы күштердің бас қолбасшысы,ағылшын мемлекеттік шіркеуінің,сондай ақ Ұлыбританияның басқаруындағы,бұрын Британия империясының құрамына енген 50 ел мүше болып табылатын Достастықтың діни басшысы.Король парламент қабылдаған заңдарға қол қояды.Нормандиялық жаулап алу жылдарынан бері корольдің бұйрықтарына "Король осыны қалайды деген" дәстүрлі тұжырымдама жазылып келеді.Жапония констутсиялық монархия.Онда император дәстүр бойынша мемлекеттің және ұлт бірлігінің символы болып табылады,бірақ заі шығару билігі парламенттің,ал атқарушы билік министрлер кабинетінің қолында.

Абсалюттік монахрияларда,бұған керсінше,монархтың билігіне мүлде шек қойылмаған.Алайда қазіргі дүние жүзінің саяси картасында ондай елдер санаулы ғана қалды. Сауд Арабиясы абсалюттік монархия,онда мемлкт басшысы заң шығарушы және атқарушы өкімет билігін өзі жүргізеді ,сонымен бірге ол премьер министр,қарулы күштердің бас қолбасшысы және жоғары сот,әрі діни басқарушы болып табылады.Үкімет негізінен алғанда король әулеті мүшелерінен құрылады. Әкімшілік территориялық құрылыстың негізгі түрлері;унитарлы және федерасиялы мемлекет.Кез келген елдің мемлекеттік құрлысы оның әкімшілік территориялық құрылысының түріне байланысты болады.Бұл тұрғыдан алғанда барлық елдер унитарлы және федерациялы елдер болып бөлінеді.Дүние жүзінде 20 шақты федерациялы ел бар.Кейбір елдердің бұлайша болуы ұлттық этникалық принципке,екіншілерінде тарихи географиялық ерекшеліктерге байланысты.Қазіргі кезде көптеген елдерде әкімшілік териториялық мәселелер аса маңызды саяси проблемалық сипатқа ие болып отыр.Дүние жүзінің саяси картасы өзінше бір дәуір айнасы.Ол үздіксіз даму үстінде.Алайда ол адамзаттың бүкіл тарихында нақ XX ғасырдағыдай күшті өзгеріске ұшыраған емес.

**Халықаралық қатынастардың дүние жүзінің саяси картасына әсері.**

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін бірқатар социалистік мемлекеттердің құрылуы,орталық жүйенің күйреуі және азаттық алған ондаған елдердің пайда болуы,блоктарға қосылмау қозғалысының өсуі секлді маңызды процестер дүние жүзінің

саяси картасына өзгерістер енгізді.Бірақ Шығыс пен Батыстың ғаламдық тайталасы,олардың арасындағы "қырғиқабақ соғыс"бүкіл соғыстан кейінгі кезеңнің негізгі мазмұнына айналды.Көптеген әскери саяси одақтар,олардың ішінде Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымы мен Варшава Шарты Ұйымы дүниеге келді.Жер шарының әр түрлі бөліктерінде жүздеген әскери базалар құрылып,оқтын оқтын жергілікті соғыстар туып отырды.Дүние жүзінің саяси картасында көптеген халықаралық шиеленіс ошақтары,аймақтық жанжалдар пайда болды.Парсы шығанағы ауданын қоса алғанда Таяу Шығыс бүкіл соғыстан кейінгі кезеңдегі "жанжалдыаймақ" болып отыр.Бұл мәдениетпен діннің өте күрделі шиеленісі тарихи қалыптасқан,планетамыздың ең жұқарған жүйке жүйесі.Мұнда Араб елдері мен Израильдің ғана емес,сонымен қатар көптеген басқа мемлекеттердің де мүдделері қақтығысқан.Халықаралық қатынастардың қазіргі кезеңі жіне дүние жүзінің саяси картасы.80-жылдардың екінші жартысында халықаралық қатынастарда егесуден өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа көшу орын ала бастады.Сенімсіздіктің,күдікшілдік пен ашкөздіктің орнына тату көршілік қатынастар орнықты.мұның Кеңес Одағы мен АҚШ арасындағы,Еуропа,Азия Тынық мұхит аймағы,басқа аймақтағы елдер арасындағы қарым қатынастарға қатысы бар.1990 жылы Германияның бірігуі,нақты қарусызданудың басталуы,Варшава Шарты Ұйымының тарауы және НАТО ның негізінен саяси одаққа айналуы секілді маңызды процестер мен құбылыстар дүние жүзінің саяси картасынан көрініс тапты.Көптеген аймақтық жанжалдардың қиын түйіндерін саяси құралдармен шешудің сәті түсе бастады.Орталық Америкадағы ,Американың оңтүстігіндегі,Оңтүстік Шығыс Азиядағы осындай жанжалдар келіссөздер жолымен шешілді.Осының нәтижесінде халықаралық шиеленіс бәсеңдеп,әлемде тыныштық пен қауіпсіздік орнай бастады.Штаб Партері Нью Йоркте орналасқан Біріккен Ұлттар Ұйымы шиеленісті бәсеңдетудемаңызды рөл атқарды.1993 жылдың басында бұл ұйымға 180 мемлекет мүше болды.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

**Жаңа тақырыпты бекіту.** 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

3.**Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1

4. **География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1

5. **География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.
Экземпляры: всего:1

**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с  Экземпляры: всего:9

**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География)  Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002

2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.

3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.

4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика )  Экземпляры: всего:1

5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20

6. Современные   Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический  словарь. М. Политиздат

7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.

8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.

**Бақылау сұрақтары:**

1.Колония дегеніміз не?

2.Жер шарының қай бөліктерінде отарлық иеліктер сақталған? Сізге белгілі елдердің қандай топтары (бөлінуі) бар?

3.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз

1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

## № 2 сабақ

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Халық-әлеуметтік экономикалық географияның зерттеу аясы. Халықтың саны және ұдайы өсу.

Сағат саны:135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:**Әлем елдерінің мемлекеттік құрылысы мен әкімшілік территориялық құрылыс формасы жайлы, халықаралық қатынастар, саяси картадағы өзгерістер туралы түсінік беру, оны контур картасына түсіру.

**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.

**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі-** 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын  тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша  білімін тексеру.**30 мин
а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау
**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин
**5.3.Ақпараттық-дидактикалық бөлім.**
Демократиялық саясат
Халықтық құрамы мен құрылымы.
Халықтың орналасуы мен тығыздығы.
Халықтың көшіп-қонуы.
Халық және қоршаған орта.

Халық саны туралы нақты ақпарат ұйымдасқан түрде жүргізілетін халық санақтары нәтижесінде ғана белгілі болатындықтан, ерте кезеңдердегі ғана емес, тіпті орта ғасырлардағы адам саны жөніндегі мәліметтер де тек шамамен алынады. Ғалымдар 15 мың жыл бұрын ғаламшарымыздың тұрғындарының саны 3 млн адамнан аспаған деп шамалайды.

Мемлекеттің әскери және салық саясатына орай, алғашқы халық санақтары б.з.д. III мыңжылдықта Ежелгі Қытайда және Египетте жүргізілген. Жан-жақты сипат алған халық санақтары XVIII ғасырдан бастап жекелеген мемлекеттерде (Австрия-Венгрия, Скандинавия елдері, АҚШ) жүргізіле бастады. Ал XIX ғасырда еуропалық елдер мен Ресей империясының, Үндістан мен Латын Америкасындағы кейбір елдердің халық саны жөнінде ресми мәліметтер алынды. XX ғасырда барлық елдерде дерлік халық санағы жүргізілді: көптеген Азия елдерінде алғашқы санақтар Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өткізілді. 1950 жылы дүниежүзі халқының шамамен 80%-ы халық санағына қамтылды. Африка елдерінде халық санағы 1950 жылдарда халықаралық ұйымдар арнайы бөлген қаржының көмегімен жүзеге асты. Қаржы тапшылығынан мешеу елдердің кейбірінде сол кезеңнен бері санақ жүргізілмеген. Мысалы, алғашқы халық санағы Ауғанстанда 1979 жылы, Оманда 1993 жылы өткізілген. Соның нәтижесінде XX ғасырдың соңына қарай Жер шары халқы түгелімен дерлік ресми халық санағына қамтылған. БҰҰ ел ішінде халық санағын әрбір он жыл сайын өткізіп тұруды ұсынды, бірақ бұл шараны аталған мерзімде қаржы қоры жеткілікті елдер ғана жүзеге асыра алады.
Қазақстанда халық санағы Кеңес дәуірінде әрбір он жыл сайын өткізіліп тұрған, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі халық санағы 1999 жылы өтті. Кезекті халық санағы 2009 жылы өткізілді. 2009 жылғы хальық санағы бойынша еліміздегі халық саны 16 млн 196 мың 180 адамға жетті. Жалпы алғанда, дамушы елдерде қаржының жетіспеуі, елдін ішкері аудандарында жол қатынасының қиындығы, жергілікті халықтың сауатсыздығы бұл елдердегі халық саны жөнінде нақты мәліметтер жинақтауға бөгет болады. Сонымен қатар дамушы елдер де ресми мәліметтердің іс жүзіндегі халық санынан улкен ауытқушылық жасауы да жиі ұшырасады.

**Дуниежүзі халқының саны**

Демографиялық көрсеткіштер. Жер шары халқы алғашында өте баяу өскен. Мұны адамның табиғат апаттарына тәелділігімен , жиі болған соғыстармен және жұқпалы

аурулардың кең таралуымен түсіндіруге болады. Мысалы, XIV ғасырда Еуропаны жайлаған оба дертінен халықтың шамамен 20%-ға жуығы қырылған. Өндірістің жетілуі, адамдардың тұрмыс жағдайының жақсаруы және медицинаның алға басуы нәтижесінде дүниежүзі халқы жылдам қарқынмен өсе бастады. Әсіресе XX ғасырда халық санының айрықша жылдам артуы байқалды. Мысалы, 1930 жылы Жер шары халқы 2 млрд адам болса, 1962 жылы — 3 млрд, 1976 жылы — 4 млрд, 1987 жылы — 5 млрд, ал 1999 жылы 6 млрд адамға жетті. Халық санының мұндай күрт өсуі демографиялық жарылыс деп аталады. Бұл құбылысты адамның өмір жасының ұзаруы, сәбилер өлімінің азаюы жағдайында туу көрсеткішінің өзгеріссіз қалуымен түсіндіруге болады. Дегенмен 1980 жылдардың ортасына қарай халық санының өсуі баяулай бастады. Бұл туу көрсеткішінің күрт кемуімен байланысты болды. Дамыған елдердің көпшілігінде халық санының өсуі тұрақтанып, кейбір елдерде табиғи өсу мүлде тоқтады. Дүниежүзіндегі халық саны көп елдер. Дүниежүзі аймақтарындағы, жеке елдердегі демографиялық жағдайды сипаттау үшін абсолюттік және салыстырмалы демографиялық көрсеткіштер пайдаланылады. Абсолютті көрсеткіштер қатарына табиғи өсу (туу мен өлудің арақатынасы) мен механикалық өсу (иммигранттар мен эмигранттар саны арасындағы айырма) жатады. Туу мен өлім көрсеткіштері әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, мемлекеттің демографиялық саясатына тікелей байланысты болса, халықтың көшіп-қонуына экономикалық және саяси алғышарттар, экологиялық ахуал себепші болады. Туу мен иммиграция көрсеткішінің жоғарылауы халық санын арттырса, өлім мен эмиграция халық санын кемітеді.

Адамның өмір жасының орташа ұзақтығына елдегі экономикалық көрсеткіш, әлеуметтік тұрақтылық, экологиялық жағдай және денсаулық сақтау жүйесінің қызметі тікелей әсер етеді. Бұл көрсеткіш тарихи кезеңдерде үлкен өзгерістерге ұшырап отырған.

Жеке елдердегі адамның өмір жасынын орташа ұзақтығы 25—30 жыл өмір сүрсе, XX ғасырдың орта шенінде дүниежүзі бойынша бұл көрсеткіш 46 жасқа, ал 2008 жылы 68 жасқа жетті. Қазақстан Республикасында адамның өмір жасының орташа ұзақтығы 67 жасқа тең: әйелдерде — 72, ер адамдар үшін 61 жасты құрайды. Қазіргі кезде өмір жасының орташа ұзақтығы женінен андорралықтар алдыңғы орында болса, Африканың мешеу елдерінде бұл көрсеткіш өте төмен.

**Халық санының ұдайы өсуі**

Демографиялық саясат. Адамзаттың үздіксіз жаңарып, ауысып отыруын қамтамасыз ететін туу мен өлу және табиғи өсу көрсеткіштерітң жиынтығын халықтың ұдайы өсуі деп атайды.

Ұдайы өсудің дәстүрлі типі тән болатын мешеу елдерде өлім көрсеткішінің жоғары болуы халықтың тұрмыс жағдайының нашарлығымен, жкқпалы аурулардың кең тарауымен түсіндіріледі. Бұл елдерде табиғат апаттары мен апштық нәтижесінде халық санының күрт қысқаруы да байқалады. Мысалы, 1984—1985 жылдарда болған құрғақшылық нәтижесінде Эфиопияда аштықтан миллиондаған адам қайтыс болды. Өтпелі тип тән болатын елдерде соңғы жылдары халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына байланысты өлім азайған, бірақ туу жоғары деңгейде қалып отыр. Ұдайы өсудің үшінші — казіргі типі демографиялық көрсеткіштердің төмендігімен сипатталады. Германия мен Швецияда өлгендер саны туғандар санынан артық, халық санының аздап өсуі тек сырттан келгендер есебінен өсуде.

Жер шары халқын қандай принцип негізінде топтастырады? Адамзат қандай нәсілдерге жіктеледі? Нәсілдер арасындағы айырмашылықтар немен түсіндіріледі? Нәсілдік құрамы. Сендер географияның бастапқы курстарында нәсілдер мен олардың Жер шарында таралу ерекшеліктерімен танысқан болатынсыңдар. Жалпы алғанда,нәсілдер —

адамдардың сыртқы бет-бейнесінің ұқсас белгілері (түсі, шашының сипаты, бет өлпеті, бас сүйегінің пішіні, дене тұрқы және т.б.) бойынша біріктірілетін топтары. Антропологиялык белгілер ұзак уақыт бойы белгілі бір табиғат жағдайларына бейімделу нөтижесінде қалыптасқан. Нәсілдік белгілерге әлеуметтік-экономикалық жағдайлар да әсер етуі мүмкін, соңғы 30 жыл ішінде халықтың әл-ауқатының жақсаруы нөтижесінде жапондыктардың бойы орташа есеппен 10 см-ге ұзарған. Жер шары халқы негізінен үш үлкен нәсілге (еуропальщ, моңғол тектес жөне экваторлық) жатады. Кейбір ғалымдар экваторлық нәсіл құрамындағы африкалық және аустралиялық нәсіл топтарын жеке нәсілдер ретінде қарастырады. Негізгі нәсілдердің үлесіне дүниежүзі халқының 70%-ға жуығы тиесілі. Нәсілдер аумақтық ерекшеліктеріне байланысты нәсіл тармақтарына ажыратылады. Дүниежүзіне кеңінен таралған еуропалык нөсілдің солтүстік тармағын Еуропаның солтүстігі мен орта бөлігінің түрғындары кұраса, оңтүстік тармағына бүл нөсілдің Оңтүстік Еуропа, Солтүстік Африка, Алдыңғы Азия жэнө Солтүстік Үндістандағы өкілдері енеді.

Тарихи-географиялық жағдайларға байланысты нәсілдер арасында араласу болған. Ұзақ уақыт бойы нәсілдердің қарқынды байланыс жасауы нәтижесінде айрықша аралық және аралас нәсіл топтары қалыптасқан. Олар дүниежүзі халқының 30%-ын құрайды. Аралық нәсіл топтары ертеректе үлкен нәсілдердің түйісу аймақтарында қалыптасқан. Мысалы, еуропалық нәсілдің оңтүстік тармағы мен африкалықтардың аралығында бет-әлпеті мен бас сүйегі еуропалықтарға, ал түсі мен шашы қара нәсіл өкілдеріне ұқсайтын эфиоптар пайда болған. Мадагаскарлықтар, полинезиялықтар мен меланезиялықтар да аралық нәсіл тобының өкілдері болып табылады. Кейбір зерттеушілер қазақтарда еуропалық және моңғол тектес нәсілдердің белгілері қатар кездесетінін атап көрсетеді.

Аралас нәсіл топтары әртүрлі нәсілдердің кейінгі уақытта (XVI—XVIII ғғ. және одан кейін) араласуы нәтижесінде қалыптасқан. Аралас нәсіл топтары, әсіресе Латын Америкасында кеңінен таралған. Мысалы, азиялық нәсіл өкілдері болып табылатын жергілікті үндістер мен келімсек еуропалықтардың некесінен метистер, Африкадан зорлықпен құлдыққа әкелінген қара нәсіл өкілдерінің еуропалықтармен араласуынан мулаттар, ал үндістермен араласуынан самболар қалыптасқан. Осының нәтижесінде Латын Америкасы елдерінің нәсілдік қурамы күрделі. Мысалы, Бразилия халқының 54%-ын еуропалықтар, 22%-ын мулаттар, 12%-ын метистер, 11%-ын қара нәсіл өкілдері құрайды. Қазіргі кезде Мексика мен Венесуэлада метистер, Бразилия мен Кубада мулаттар көп тұрады. Сыртқы айырмашылықтары болғанымен, нәсілдердің биологиялық жөне әлеуметтік-мәдени тұрғыдан алғанда тең екендігі ғылым жүзінде дәлелденген. Сондықтан ақыл-ойы жоғары немесе төмен нөсілдер болатындыры жөніндегі нәсілиіілдік көзқарастар негізсіз болып табылады. Дегенмен өлі күнге дейін кейбір елдерде нөсілдік кемсітушілік жағдайлары кездеседі.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет.  Экземпляры: всего:1
**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с  Экземпляры: всего:1
**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.
Экземпляры: всего:1
**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с  Экземпляры: всего:9
**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География)  Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**
1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика )  Экземпляры: всего:1
5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные   Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический  словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау. 15 мин.**

**Бақылау сұрақтары:**
1.Халықтың ұдайы өсуінің типтері.
2.Халықтың жастық, жыныстық және этникалық құрамы, олардың түрлері.
3.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

**№ 3 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы:** Халықтың қоныстануы, көшіп- қонуы.

**Сағат саны:**135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:** Халықтың қоныстануына әсер ететін факторлар: экономикалық, әлеуметтік және саяси. Халықтың көшіп қонуының себептері.

Білімділік: білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.

Дамыту:оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі**- 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;

б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;

б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) студенттердің білімін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау

**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин

**5.3.Ақпараттық-дидактикалық бөлім.**

Халықтың қоныстануы — халықтың аумақ бойынша бөлінуі және қайта бөліну үдерісі мен оның нәтижесіндегі қоныстар желісі. Халықтың қоныстануы ұғымы халықтың орналасуын, елді мекендердің атқарымдық аумақтық өзара байланыстарын, халықтың көші-қонын (қоныс аударуын, маусымдық және қатынамалы көші-қонын) қамтиды. Халықтың қоныстануы — күрделі әлеуметтік-экономикалық үдеріс, сондықтан ол социологияның, демографияның, халық географиясының, этнографияның, қала құрылысының, басқа да ғылымдардың тақырыбы болып табылады. Социология Халықтың қоныстануын қоғамды ұйымдастырудың кеңістікті нысаны ретінде зерттейді. Демография халықтың тіршілік ету аумағы бойынша бөлінуі және қайта бөлінуі үдерісін зерделейді. География Халықтың қоныстануын табиғат ортасымен ықпалдастықта қарастырады; халық бұл орайда қоныстардың белгілі бір экон.-геогр. параметрлері бар желілерінің қалыптасуының аса маңызды факторы ретінде зерттеледі. Тарихи-геогр. көзқарас адамның қоныстарды игеру тарихын қадағалауға мүмкіндік береді. Халықтың қоныстануының халықтардың рухани және материалдық мәдениетінің қалыптасуына және бір-біріне дендеп енуіне ықпал етуін этнография зерделейді. Қала құрылысы тәсілі аумағы әр түрлі елді мекендердің орналасуын және өндіріс орындарына, көлік жолдарына, табиғат ортасына және бір-біріне қатынасы бойынша атқарымдық тұрпатын, халықтың елді мекендердің ішінде еңбек ететін жерлеріне, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына, демалыс аймақтарына және қала құрылысының басқа да элементтеріне қарай бөлінуін зерттеу кезінде қолданылады. Халықтың қоныстануының басты заңдылығы — қоныстану нысандарының экономиканың даму деңгейіне сай келуі. Алғашқы қауымдық қоғамға аумақтарға қоныс тебудің баяу жүруі тән. Бұл орайда қоғамның әрбір мүшесі үшін біршама көп жерді пайдалану қажет болды, мұның өзі өндіргіш күштердің төмен деңгейде дамуына сай келді. Осыған байланысты алғашқы қауымдық құрылыс дәуіріндегі Халықтың қоныстануы көбінесе көшпелі нысандардың басым болып келуімен сипатталады. Егіншілікке көшу нәтижесінде жер-жерге бекітілген қоныстардың желілері қалыптасты. Алғашқы мемл. құрылымдарда қоғамдық еңбек

бөлінісінің дамып, тереңдеуіне байланысты қалалық қоныстардың желісі қалыптаса бастады. Халықтың көшіп-қонуының күшеюіне қарамастан бұл дәуірде Халықтың қоныстануы аумақтарда әркелкілі сипатта болды. Халық біршама жиі қоныстанған аймақтарға қарағанда тым сирек қоныстанған және қоныстанбаған ұлан-ғайыр кеңістіктер көп болды. Индустр. қазіргі қоғамға Халықтың қоныстануының урбанизацияланған тұрпаты тән: өндіргіш күштер (соның ішінде халық та) бұған дейін болып көрмеген дәрежеде қалаларға шоғырланды, қала агломерациялары, урбанизацияланған аудандар қалыптасты, халықтың аумақтарда, тіпті ұлттық деңгейде ғана емес, еларалық деңгейде де көшіп-қонуы күрт көбейді; ауыл халқының үлесі төмендеді. Ел аумағында Халықтың қоныстануы үдерісінің дамуын айқындайтын факторлардың жиынтығы үлкен үш топқа бөлінеді. 1) Әлеум.-экон. факторлар: даму деңгейі және өткен кезеңдерде қалыптасқан экономика салаларының орналасуы, халық табысының деңгейіндегі аймақтық айырмашылықтар, күрделі жұмсалымдарды бөлу, көлікпен қамтамасыз ету, т.б. 2) Табиғат факторлары: климат, жер бедері, топырақ, басқа да табиғат ресурстары. Экономиканың даму деңгейі жоғары болған сайын табиғат факторларына тәуелділік те азаяды. Алайда олар Халықтың қоныстануында үлкен рөл атқара береді. 3) Демогр. факторлар тобына ең алдымен миграц. үдерістердің аймақтық айырмашылықтары, сондай-ақ халықтың өсіп-өну үдерістерінің қарқындылығындағы айырмашылықтар жатады. Нақты өмір шындығында осы негізгі факторларды кешенді түрде алып қарағанда ғана Халықтың қоныстануының дамуы туралы жеткілікті дәрежеде толық түсінік алуға болады. Экономика құрылымындағы өзгерістерге байланысты Халықтың қоныстануының табиғат ресурстарына тәуелділігі азаяды. Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің халқы тез көбейіп келеді, оларды жер шары халқының 3/4 бөлігінен астамы тұрады. БҰҰ болжамы бойынша 2000 ж. қарсаңында бұл елдерде әлемдегі халықтың 81,6%-ы, Солт. Америка, Европа және ТМД елдерінде 18,4%-ы ғана тұрады. Қазақстан әлемдегі халық ең аз қоныстанған елдердің біріне жатады. 2006 жылдың басында республикада 1 км2 аумаққа халықтың тығызд. 5,2 адамнан келді. Халық ең көп шоғырланған аумақ Оңт. Қазақстан облысында 19,0 адамнан. Одан кейінгі орындар Алматы (7,2), Жамбыл (6,9), Солтүстік Қазақстан (6,8) облыстарының үлесінде. Халық ең аз шоғырланған аумақтарға Қызылорда (2,7), Ақтөбе (2,3), Маңғыстау (2,3) облыстары жатады. Қазақстандағы қала халқының саны 8,7 млн-ға жуықтады (57,1%), ал ауыл тұрғындарының саны 6,5 млн-нан асты (42,9%)

**5.4.Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
б) оқу орны: аудитория
Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
3.Ахметов Е.Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1
4. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-

математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с  Экземпляры: всего:1
5. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.
 Экземпляры: всего:1
6.Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с  Экземпляры: всего:9
7. География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География)  Экземпляры: всего:43
3.Қосымша:
1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика )  Экземпляры: всего:1
5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные   Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический  словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.

**Бақылау сұрақтары:**

1.Халықтың ұдайы өсуінің типтері.
2.Халықтың жастық, жыныстық және этникалық құрамы, олардың түрлері.
3.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

**№ 4 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Ғылыми техникалық революция сипат белгілері, даму кезеңдері. Сағат саны:135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:** Ғылыми техникалық революция жайлы жалпы түсінік, ғылыми техникалық революцияның құрамдас бөліктері.

**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.

**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі-** 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;

б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;

б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) студенттердің білімін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау

**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин

**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**

1. Ғылыми-техникалық революция (ҒТР) ұғымы.
2. Дүниежүзілік шаруашылық ұғымы.
3. ҒТР-дың өсу қарқыны мен даму деңгейіне ықпалы: « Үшінші өнеркәсіп революциясының» басталуы.
4. ҒТР-дың дүниежүзілік шаруашылықтың басты пропорцияларына ықпалы индустриялық қоғамнан кейінгі индустриялық қоғамға қарай.

Адамзат қоғамынын ұзақ даму тарихында шаруашылықтың ұдайы алға басып, жетілдіріпуіне ғылым мен техниканың өркендеуі себепші болып келеді. XX ғасырдың екінші жартысында ғылыми-техникалық үрдіс аса жедел қарқынмен дамып, дүниежүзінің көптеген елдері мен шаруашылық салаларын қамтыды. Ғалымдар ғылыми техникалық революция (ФТП) деп атаған бұл құбылыс қысқа уақыт аралығында қоғамның өндіргіш күштерін сапалық жағынан түбегешті өзгерткен "секіріс" ретінде бағаланды. Ол адамзат тарихында ғылым мен техника пайда болғаннан бері өндіргіш күштерді ұдайы жетілдіруге себепші болған ғылыми-техникалық прогрестен айырмашылық жасайды. Сонымен ғылыми-техникалық революция дегеніміз — белгілі бір уақыт аралығында дамудың жаңа сатысына көтерілуге себепші болған сапалық өзгерістердің жедел қарқынмен жүруі. Дүниежүзі аймақтары мен елдерінде ФТП дамуы түрліше деңгейде өтуде. Жоғары дамыған елдерде XX ғасырдың 80—90-жылдарынан бастап, ҒТР-дың дәстүрлі үлгісінен басқа қазіргі заманғы тармағы дүниеге келді. Дәстүрлі ФТП өндіріс пен адамзаттың жаңа тауарларға, технологиялар мен қызмет түрлеріне деген сұранысын қамтамасыз етеді. Жаңа үлгінің басты мақсаты — дәстүрлі ФТП-дың адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына тигізетін кері әсерінің орнын толтыру немесе жою болып табылады. Адам өмірін қорғауға бағытталған бұл шаралар өте мол қаржыны қажет ететіндіктен, таралуауқымы бірнеше елдің аумағынан аспай отыр. Дүниежүзіндегі көптеген елдерде ҒТР дәстүрлі сипат алған. Мешеу елдер экономикасына қатысты бұл ұғым мүлде қолданылмайды да. Қазіргі кезде ҒТР-дың құрылымдық бөліктері анықталып, негізгі белгілері талданған.

ҒТР-дың негізгі белгілері

ФТП-дың басты белгілері мыналар:
1) әмбебаптық, ауқымдылық;
2) ғылыми-техникалық өзгерістердің жеделдеуі;
3) өндірістің ғылымды көп қажет ететін салаларының қарқынды өсуі;
Ғылым мен білім адамзат өркениеті тарихында қоғамның алға басуы үшін қызмет етумен келеді. Қазіргі заманғы ғылым өндіріс пен қызмет көрсету салаларына күрделі техника мен технологияларды енгізу арқылы оларда ғылымды көп қажет ететін мүлде жаңа салалардың дамуына негіз болуда. ҒТР-дың әмбебаптығы мен ауқымдылығы дүниежүзінің барлық елдері мен географиялық қабықтың кез келген бөлігін қамтуымен және адамзаттың ғарыш кеңістігін игеруімен түсіндіріледі. ФТП шаруашылықтың барлық салалары мен оның құрылымдарына, еңбек сипатына, адамдардың мәдениеті мен мінез-құлығына үлкен өзгерістер әкеледі.
ФТП жағдайында мамандардың біліктілік деңгейіне жоғары талаптар қойылады. Сондықтан алдыңғы қатарлы елдерде ғылымды дамытып, оның жетістіктерін өндіріске енгізу қазіргі заманғы білім беру жүйесін дамытумен қатар жүргізілуде. Мысалы, дүниежүзін таңғалдырған "жапон кереметіне" белгілі дәрежеде білім беру мен ғылым салаларына үкімет тарапынан айрықша қамқорлық көрсетілуі де себепші болған. 1983 жылдан бастап мұнда ғылыми-өндірістік бірлестіктердің аумақтық жүйесі қалыптаса бастады, қазір олардың саны шамамен 26-ға жетті. Жапонияда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен айналысатын университеттер саны 400-ден асады. Соның нәтижесінде бұл елде "білім беру — ғылым — өндіріс" жүйесі жоғары дәрежеде қалыптасқан.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
б) оқу орны: аудитория
Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет.  Экземпляры: всего:1
**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с  Экземпляры: всего:1
**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземпляры: всего:1
**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с  Экземпляры: всего:9

**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География)  Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика )  Экземпляры: всего:1
5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные   Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический  словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.

**Бақылау сұрақтары:**

1.Ғылыми техникалық революция жайлы түсіндіріңіз.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

## № 5 сабақ

**5.1.Сабақтың тақырыбы:** Дүние жүзілік шаруашылығы. Өнеркәсіп географиясы.
Сағат саны:135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:** Өнеркәсіп географиясы. Энергия түрлері, жасыл төнкеріс, ауыл шаруашылық географиясы,  балық аулау шаруашылығы туралы мәлімет беру.

**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.

**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі**- 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын  тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша  білімін тексеру.**30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау
**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин
**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**

Өнеркәсіп-материалдық өндірістің бірінші жетекші саласы. Дүниежүзілік өнеркәсіпте шамамен Дүниежүзілік өнеркәсіпте шамамен 350 млн. адам жұмыс істейді. Соңғы жүз жыл ішінде өнеркәсіп өндірісі 50 есе өсті, оның үстіне, бұл өсімнің , бұл өсімнің 3/4-і XX ғасырдың екінші жартысына келеді. Пайда болу уақытына қарай өнеркәсіптің барлық салалары әдетте үш топқа бөлінеді.Бірінші топқа ескі салалар деп аталатын- тас көмір, темір кені, металлургия, темір жолдың жылжымалы құрамы өндірісі, кеме жасау, тоқыма өнеркәсіптері кіреді.Қазір бұл салалар, әдетте, баяу қарқынмен өседі. Бірақ олардың дүнежүзілік өнеркәсіп географиясына ықпалы бұрынғыша айтарлықтай болып отыр. Екінші топқа – жаңа салалар деп аталатын – автомобиль жасау, алюминий қорыту, пластмасса, химиялық талшықтар өндірісі кіреді. Олар, әдетте, неғұрлым тез қарқынмен өседі, дегенмен соңғы кезде оның қарқыны бұрынғыдай емес. Негізінен экономикасы дамыған елдерге шоғырланғанымен, дамушы елдерге де айтарлықтай кең таралған мұндай жаңа салалар дүнинжүзілік өнеркәсіп географиясына зор ықпал етіп келеді.

Ақырында, үшінші топты ең жаңа салалар құрайды, бұлар көбінесе ғылымды көп қажет ететін салалрға, немесе былайша айтқанда, “жоғары технология” салаларына жатады. Бұл микроэлектроника, есептеуіш техника, робот жасау, информатика индустриясы, атом және аэроғарыш өндірісі, органикалық синтез химиясы, микробиология өнеркәсібі – ҒТР-дың шынайы катализаторлары. Қазір олар, әдетте, неғұрлым тез және тұрақты қарқынмен өсіп келеді. АҚШ-та,ГФР-де, Ұлыбританияда, Францияда өңдеуші өнеркәсіптің бүкіл жалпы өнімінің 35-40% осы салаларға келеді. Лардың дүниежүзілік өнеркәсіп географиясына ықпалы үнемі өсіп отыр, әзірше негізінен экономикасы дмыған және “жаңа индустриялық ” елдермен шектелуде.

Отын энергетика өнеркәсібі: өндірістің және отынды пайдаланудың өсуі, дамудың үш кезеңі. Адамзат өркениетінің бүкіл тарихи отын мен энергия түрлерін игеруге байланысты екенін сендер білесіңдер. ҒТР дәуірінде де энергетика өндірісінің дамуы мен орналасуына үлкен ықпал жасайды. Бұл тұрғыдан алғанда, кейін ол дүниені басқарады деп те айтылады.

Бастапқы энергетика байлықтарын дүние жүзі бойынша өндіру және тұтыну ұдайы өсіп келеді: ол 1990 ж. 1 млрд. т– ға шартты отыннан 1990 ж. 10 млрд. т– ға дейін өсті, ал 2000 ж. 14 млрд. т– ға жететін болу керек. Дүниежүзілік энергетика дағдарысы, ең алдымен мұнай дағдарысы өткен 70-жылдардың ортасына дейін бұл өсудің қарқыны ерекше зор болды. Дағдарыстан кейін өсу қарқыны күрт баяулады.Дамушы елдерде өндірілетін энергетика байлықтарының көпшілігі, ең алдымен мұнайдың басым бөлігі АҚШ – қа, Батыс Еуропаға және Жапонияға шығарылады; мұны азайту әрекетіне қармастан, олардың импортқа тәуелділігі жоғары күйінде қалып отыр.

Мұнай, газ, көмір өнеркәсібі – дүниежүзілік энергетиканың негізі. Мұнай өнеркәсібінің ерекше үлкен маңызы бар.

Мұнай дүние жүзінің 80 елінде өндіреді. Бірақ бұл саланың географиясын бірінші ондыққа жататын елдер анықтайды. Олардың көпшілігі үшін мұнай өнеркәсібі халықаралық мамандануның маңызды, кейде бірден – бір саласы болады.

Дүниежүзілік мұнай өнеркәсібі географиясының маңызды ерекшеліктерінің бірі мынада: мұнай қорының 4/5 – тен астам және өндірілетін мөлшерінің жартысына жуығы дамушы елдердің үлесіне тиеді. Осы елдер, әсіресе ОПЕК – ке мүше елдер оның басты экспорттаушысы ретінде де белгілі. Мұның ең алдымен басты мұнай шүмегі болып табылатын Таяу және Орта Шығыс елдеріне қатысы бар.

Бүкіл өндірілетін мұнайдың 40% –і халықаралық саудаға түседі. Дүниежүзілік шаруашылықта мұнайды өндіру және тұтыну аудандары арасында орсан зор территориялық алшақтық пайда болды. Оны жою үшін қуатты – ең алдымен мұхиттық – жүк тасқыны қалыптасты.

Дүниежүзілік газ өнеркәсібі XX ғасырдың екінші жартысында айтарлықтай дамыды. Ол жақын уақытқа дейін негізінен экономикасы дамыған елдерге шоғырланған болатын. Бірақ соңғы кезде газ өндіру дамушы елдерде де өсе бастады.

Көмір өнеркәсібінің дамуы мұнайдың арзан кезеңінде баяулады, бірақ одан кейін қайтадан жеделдеді. Көмір дүние жүзінің 60 елінде өндіріледі, алайда бұл сала географисының негізгі ерекшеліктерін бірінші ондық елдері анықтайды. Олар үшін көмір өнеркәсібі халықаралық мамандaнудың маңызды саласы болып табылады. Мұнай өнеркәсібінен өзгеше, көмір өндіретін басты елдердің арасында экономикасы дамыған елдердің басым болатынын сендер, сірә, байқаған боларсыңдар.

Электр энергетикасы – авангард үштік салаларының бірі. ҒТР дәуірінде, әсіресе электрондандыру және кешенді автоматтандыру дамыған сайын электр энергиясын өндіру жоғары қарқынмен өседі.

Ресейде жылу энергетикасының жетекші орын алатыны естеріңде болар. Тұтас алғанда, дүие жүзінде минералдық отынмен жұмыс істейтінжылу электр станцияларының жалпы өндірілетін мөлшердегі үлесі 63%.

Тау – кен өнеркәсібі. Дүниежүзілік шаруашылықты минералды шикізаттармен қамтамасыз ету ең алдымен осы салаға байланысты. Ол көптеген елдерде дамыған, алайда оның өнімнің 2/3 –сін ТМД елдері, АҚШ, Қытай, Канада, Австраля, Оңтүстік Республикасы өндіреді.

Металлургия өнеркәсібі: бағдарлау түрлері. Металл қорыту көлемі ұзақ уақыт бойы кез келген елдің ең алдымен экономикалық қуатын көрсететін. Энергетикалық және шикізат дағдарыстарының ықпалымен 70 жылдары ескі салалардың бірі болып табылатын металлургияның дамуы күрт баяулады.

Бұдан Бұдан 30-40жыл бұрын бүкіл қара металлургия экономикасы дамыған елдерге шоғырланды. Бірақ соңғы кезде бұл сала дамушы елдерде тезірек өсуде. Бразилия мен Корея Республикасы болат қорыту жөнінен Ұлыбритания мен Францияны, ал Үндістан – Бельгия мен Испанияны басып озды. Бұл тенденция келешекте де сақталады.

Химия өнеркәсібі: басты төрт аймақ . XX ғасыр өнеркәсібінің қауырт дамыған ғасыры болды. Бұл машина жасау саласымен қатар, осы заманғы индустрияның ең серпінді дамыған саласы. Машина жасау саласындағы секілді, дүниежүзілік химия өнеркәсібінде де басты төрт аймақ қалыптасты: АҚШ, шетелдік Еуропа, ТМД және Жапония. Олардың әрқайсысында кен – химия өнеркәсібі, минералдық, органикалық синтез және полимер материалдар өндірісі дамыған.

Жеңіл өнеркәсіп географиясындағы өзгерістер. Жеңіл өнеркәсптегі географиялық өзгерістер оның жетекші саласы – тоқыма өнеркәсібінде неғұрлым айын көрінді. 90 – жылдардың басында дүние жүзінде табиғи және химиялық талшықтардан 115млрд.

шамасында мата өндіріледі. Егер қолөнер өндірісін есепке алсақ, онда бұл сала дүние жүзінің барлық елдерінде бар болып шығады.

Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі: екі белдеу. Дүние жүзінің ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібінің географиясы көбіне орман байлықтарының таралуына байланысты.

Солтүстік орман белдеуі шегінде негізінен қалқан жапырақты ағаш сүрегі дайындалады да, ол тілуге дайын ағаш, ағаш плиталар, целлюлоза, қағаз, картон болып өңделеді. Ресей, Канада, Швеция, Финляндия үшін ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі – халықаралық маманданудың маңызды салалары. Оңтүстік орман белдеуі жапырақты ағаш сүрегі дайындалады. Мұнда ағаш өнеркәсібінің басты үш ареалы қалыптасқан. Олар: Бразилия, Тропиктік Африка, Оңтүстік Шығыс Азия. Дайындалатын ағаш сүрегі теңіз жолмен Жапонияға, Батыс Еуропаға шығарылады, ал қалған бөлігі негізінен отын ретінде пайдаланылады.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1

**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1

**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземпляры: всего:1

**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9

**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002

2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.

3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.

4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). -

(Экономика ) Экземпляры: всего:1
5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.
**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.
**Бақылау сұрақтары:**
1. Дүние жүзілік шаруашылық ұғымы, халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне анықтама беріңіз.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.
**Үй тапсырмасы**. 5 мин.

**№ 6 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Ауыл шаруашылық және балық аулау географиясы.
Сағат саны:135 мин
**5.2. Сабақтың мақсаты:** Ауыл шаруашылық географиясы. жасыл төнкеріс, ауыл шаруашылық географиясы, балық аулау шаруашылығы туралы мәлімет беру. Контур картасын толтыру.
**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.
**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.
**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.
**Ұйымдастыру кезеңі**- 10 мин
а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин
а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау
**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин
**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**

Ауыл шаруашылығы – материалдық өндірістің екінші жетекші саласы. Ауыл шаруашылығы материалдық өндірістің ежелгі ғана емес, сонымен бірге неғұрлым кең тараған саласы. Шындығында, дүние жүзінде тұрғындары ауыл шаруашылығымен және

оған шектес орман шаруашылығымен, аңшылықпен, балық аулаумен айналыспайтын бірде – бір ел жоқ. Дүние жүзінде бұл салаларда шамамен 1,1 млрд. адамеңбек етеді.

Тауарлы шаруашылық дегеніміз – бұл жақсы ұйымдастырылған ірі плантациялар мен фермалар. Мұндай шаруашылықтар жақсы жерлерге орналасып, жалдамалы жұмысшы күшін, машиналарды, тыңайтқыштарды, қолдан суаруды кеңінен пайдаланады. Олардың өндірісі ішкі, әсірісе сыртқы рынокқа бағдарланған, сөйтіп олар "мемлекет ішіндегі мемлекет" болып отыр. Алайда мұндай плантациялар әдетте белгілі бір дақылдарды өсіруге барынша қолайлы жағдайлары бар жерлерде жеке ошақтар түрінде орналасады.

Экономикасы дамыған елдерден кейін "жасыл революция" дамушы елдерде де басталған. 60 – жылдары бұл ұғым кең таралады. "Жасыл революция" дегеніміз – бұл осы заманға агротехниканың негізінде ауыл шаруашылығын түлету. Ол ҒТР – дың байқалу формаларының бірі болып табылады.

"Жасыл революцияның" үш негізгі компоненті бар. Бұл – дәнді өсімдіктердің шығымдылығын күрт арттыруға жәрдемдесетін және екінші, үшінші, кейде тіпті төртінші егісті пайдалану мүмкіндігін ашатын дақылдардың тез пісетін жаңа сорттарын шығару. Бұл – ирригацияны ұлғайту, өйткені жаңа сорттар қолдан суаратын жағдайларда ғана өзінің, жақсы қасиеттерін көрсете алады. Бұл,ақырында, осы заманға техниканы, тыңайтқыштар мен улы химикаттарды неғұрлым кеңінен пайдалану.

Өсімдік шаруашылығы. Дәнді дақылдар – дүниежүзілік ауыл шаруашылығының негізі. Дәнді дақылдар дүние жүзіндегі өңделетін бүкіл жер көлемінің 1/2 – інен астамын алып жатыр. Олардың егісі іс жүзінде адамдардың таралу ареалына сәйкес келеді. Дәнді дақылдардың дүниежүзілік өндірісті бірте- бірте өсіп келеді және жылына 1,9 млрд. жетті. Астық шаруашылығын, бейнелеп айтқанда, үш дақыл – бидай, күріш және жүгері ұстап тұр. Олар жалпы түсімнің 4/5 береді және адамдардың бүкіл тамақ энергиясының жартысына жуығын қамтамасыз етеді.

Майлы дақылдар біздің планета халқының тамақ құрамында дәнді дақылдардан кейін екінші орын алады. Бүкіл пайданылатын майдың шамамен 2 /3 – сі өсімдіктерден алынады. Ең көп тараған түйнекжемісті дақыл- картоп. Картоптың отаны Оңтүстік Америка, бірақ ол ендігі жерде – негізінен солтүстік жарты шардағы қоңыржай белдеудің дақылы.

Азық – түлікке жатпайтын дақылдар. Талшықты дақылдардан ең маңыздысы мақта: мақта талшығының дүние жүзілік өндірісі 20 млн. т. құрайды. Мақта егісінің көлемі және мақта жинау жөнінен бірінші орында мақта өсірудің ежелгі ауданы – Азия елдері, екінші орынды – Америка елдері, үшінші орынды –Африка елдері алады.

Мақта, джут, табиғи каучук – дүниежүзілік сауданың маңызды тауарлары. Есірткі заттармен контрабандалық сауда жасау өте кең өріс алып барады.

Мал шарушылығы:үш жетекші сала. Мал шаруашылығы дәнді дақылдар секілді барлық жерге дерлік таралған. Мұнда шабындықтар мен жайылымды егістік жерлермен салыстырғанда үш есе артық территорияны алып жатыр. Мал шаруашылығынан алынатын өнімдердің негізгі бөлігін қоңыржай белдеудің елдері береді. Өндірілетін бүкіл астықтың жартысына жуығы малға жем ретінде пайдаланылатынын да ескеру қажет.

Дүниежүзілік мал шаруашылығы ең алдымен малдың таралуына байланысты. Мал басының жалпы саны 4 млрд. жақындап келеді. Мұның өзінде үш сала басты орын алады.

Балық аулау адамзаттың ең ежелгі кәсіптерінің бірі. Қазіргі кезде ол кемінде 15 млн. адамның күнкөрісін қамтамасыз етіп отырған дүниежүзілік шаруашылықтың маңызды саласы. Дүние жүзі бойынша ауланатын балық пен өндірілетін теңіз өнімдері жылына млн. 100 т-ға жетті. Оның шамамен 9/10-ын теңіздері мен мұхиттардан, 1/10- ін тұщы

судан ауланатын балық құрайды. Мұндай су айдынында 20-30мың балық аулайтын кемелер жүзеді. Балықтың және басқа теңіз тартуының маңыздылығы ең алдымен олардың құрамындағы жануарлар белогының мөлшері жөнінен мал мен құс етінен кем түспейтіндігіне және адамзаттың осындай белокты қажетсінуін 1/4- іне дейін қанағаттандыратынында. Дамушы елдерде аздаған мөлшерде қақталған балық салынған күріш тамағы көбіне жануар белогын пайдаланудың бірден - бір көзі болады.

Балық аулау барлық жерде дерлік таралғанымен, бүкіл дүние жүзінде ауланатын балықтың жартысынан астамы не бары алты елдің - Жапонияның, Қытайдың, Ресейдің, АҚШ - тың, Чили мен Перудің үлесіне тиеді. Мұнда балықтың бәрі дерлік таяу сауда – басты балық жайылымдары және уылдырық шашатын орындары болып саналатын континеттік қайран айдынында ауланады. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін дүние жүзіндегі балық аулаудың негізгі ауданы Солтүстік Атлантикада болды, кейін оны Тынық мұхиттың солтүстік бөлігінде орналасқан аудан басып озды.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1

**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1

**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.Экземпляры: всего:1

**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9

**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002

2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.

3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.

4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика ) Экземпляры: всего:1
5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Дүние жүзілік шаруашылық ұғымы, балық шаруашылығына түсініктеме беріңіз.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

**№ 7 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Көлік географиясы.

Сағат саны:135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:** Көлік географиясы. Құрлық көлігі. Су көлігі. Әуе көлігі туралы мәлімет беру.

**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.

**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі**- 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау

**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин

**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**

1. Дүниежүзіндегі көліктің даму сипаты
2. Дүниежүзі елдерінің қазіргі көлік жүйесі
3. Теңіз және өзен көлігі
4. Теміржол көлігі

5. Автомобиль көлігі

Дүниежүзіндегі көліктің даму сипаты. Көлік – қандай да болмасын елдің экономикасындағы ең маңызды саласы.Ол географиялық еңбек бөлінісінің негізі болып саналады. Көлік саласына 100 млн-ға жуық адам тартылған. Жеке елдердегі көлік дамуының деңгейі мен сипаты көптеген факторларға тәуелді. Ол экономиканың даму деңгейіне, дүниежүзінік шаруашылыққа және халықаралық еңбек бөлінісіне, т.б. жағдайларға қатысты. Елдің аумағы үлкен болған сайын көліктің маңызы күшейе түседі.Дүниежүзі елдерінің қазіргі көлік жүйесі. Дүниежүзі елдері мен аймақтарында көлік жүйесінің арақатынасы әртүрлі. Өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің көлік жүйесі құрылымы өте күрделі және онда көліктің барлық түрлері кездеседі. Көлік жүйесінің жоғары деңгейде дамуы, әсіресе АҚШ, Франция, Жапония, Ұлыбритания елдерінде байқалады. Дүниежүзінік жүк айналымының 85%-ы осы елдердің үлесіне тиеді. Батыс Европа елдеріне темір жолдағы жүк тасымалының 25%-ы, теңіз көлігі мен құбыр көлігі тасымалына 35%-ы тиесілі.Дамушы елдердің көлік жүйесі шаруашылықтың аумақтық құрылымын көрсетеді. Мұндай жолдар көбіне елдің минералды шикізат өндіретін аймақтарымен байланыстырады. Сонымен бірге плантациялық шаруашылықтар мен және портты қалалармен байланыстыру рөлін де атқарады. Өнеркәсібі дамыған елдерге қарағанда мұнда көлік жүйесінің техникалық деңгейі төмен. Дүниежүзілік көлік түрлері дамуының жарқын көрінісі ретінде контейнерлік көлік жүйесінің қалыптасуын айтуға болады.Қазірдің өзінде маңызды жүктердің 40%-дан астамы контейнерлік әдіспен тасымалданады. Дүниежүзілік «контейнерлік көпірлерді» теңіз көлігі, теміржол тізбегі мен автомобиль, теміржол комбинациялары қалыптастырады.

Теңіз және өзен көлігі. Теңіз көлігі дүниежүзінік көлік жүйесі ішіндегі ең арзаны болып саналады. Дүниежүзінік жүк тасымалының 62%-ы осы су көлігіне тиеді және ол бүкіл халықаралық елдер арасындағы тасымалдың 80 %-ын қамтиды. Дүниежүзінік теңіз сауда флотындағы кемелердің жалпы құрамының 1/3 бөлігі өнеркәсібі дамыған елдердің туы астында тіркелген. Оның 1/3-і Батыстың кеме жүзу компанияларына жатады (олар «ыңғайлы тулар» астында), 1/5-і дамушы елдерге, ал қалғандары постсоциалистік елдер үлесінде.Дүниежүзілік теңіз сауда флотының жетекші елдері: Либерия, Панама, Жапония, Грекия, АҚШ, Кипр, Қытай «Тулар » астындағы елдер (Либерия, Панама, Сингапур, Кипр, т.б.) жүк тасымалының өзіндік құнын 3 есеге жуық арзан тасиды. Негізгі теңіз жолдары: Атлант, Тынық және Үнді мұхиттар. Тек Атлант мұхитына дүниежүзінік жүк тасымалының 50%-ға жуығы тиесілі. Бірақ кейінгі жылдары жүк тасымалы Тынық мұхитта да қарқынды дамып келеді (Жапония және Жаңа индустриялды елдер).Теңіз жүк тасымалында бірінші орынды мұнай және мұнай өнімдері алады. (Дүниежүзінің жеке аймақтары бойынша мұнай тасымалдау сұлба картасын қараңдар.) Олардың үлесіне 1 млрд т жүк тасымалы тиеді. Ірі жүк ағыны Парсы шығанағында қалыптасады да, ол Батыс Европаға, Жапонинға, АҚШ-қа бағытталады. Қазақстанның су көлігінің жалпы ұзындығы — 5,5 мың км. Оның ішінде кеме жүрісі бар су жолының ұзындығы — 4,0 мың км. Су көлігінің бір түрі — теңіз көлігі. Ол Мақат — Бейнеу — Маңғыстау теміржолының салынуына байланысты 1964 жылы қаланды. Қазір Ақтау қаласында елміздегі ең ірі теңіз-сауда порты жұмыс істейді. Онымен Иранға (Наушахр қаласы), Әзірбайжанға (Баккы, Сумгаит қалалары), Ресейге (Астрахан қаласы), Түрікменстанға (Марата, Түрікменбаши қалалары) құрғақ және сұйық жүктер тасымалданады.

Теміржол көлігі — құрлықтық көліктердің ішіндегі ең маңыздысы. Дүниежүзіндегі

теміржол желілерінің ұзындығы — 1,2 млн км. Ең ұзын теміржол АҚШ-тың үлесіне тиесілі (240 мың км). Одан кейінгі орында – Канада (90 мың км) және Ресей (86 мың км). Батыс Еуропада теміржол желілерінің тығыздығы өте жоғары. (Бельгияда 100 км квадрат аумаққа 100 км теміржолдан келеді). Дамушы елдерде теміржол желісінің жилігі экономикасы дамыған елдерге қарағанда әлдеқайда төмен. Көптеген темір жолдар бір-бірімен байланыспаған. Нәтижесінде, елдер мен аудандар арасында тұрақты қатынас жоқ.XX ғасырдың соңында жоғары жылдамдықтағы теміржол желілері көбейіп келеді. Мұндай темір жолдарға Париж—Лион, Рим—Флоренция, Токайдо мегаполисінен бастап, бүкіл Жапония аралдары арқылы өтетін теміржол желілері жатады.Электрлендірілген теміржол Ресейде жақсы дамыған (ұзындығы жағынан дүниежүзі бойынша бірінші орынды алады). АҚШ- та теміржолдардағы бүкіл жұмыстың 90%-ын тепловоздар орындайды. Жапония мен Батыс Еуропа елдерінде электр күшімен істейтін теміржолдардың үлесі 50%-ды құрайды. Автомобиль көлігі. Қазіргі кезде дүниежүзінде автомобиль жолы өте тез дамып келеді. Оның жалпы ұзындығы — 24 млн км. Соған байланысты көліктің жолаушы тасымалындағы рөлі артуда. Автомобиль көлігі дүниежүзіндегі жолаушы тасымалының 80%-ын қамтиды, сонымен бірге орта және жақын қашықтықтағы жүктасымалында (өте қысқа жол арқылы жеткізудегі) маңызы зор. Дүниежүзіндегі автомобиль паркі 0,5 млрд автомобильдіқұрайды.Бұлардың 80%-ы экономикасы дамыған елдердің үлесінде.Жүк және жолаушы тасымалында трансконтиненттік магистральдардың маңызы зор. Құбыр көлігі. Дүниежүзінік знергетиканың дамуына сәйкес мұнай және газ құбырларының арақатынасы өзгеріп отыр. Сонымен қатар мұнай және газ құбырларымен қоса, қатты өнімдерді таситын құбыр көлігі пайда бола бастады. Олармен, негізінен, көмір және темір кендері тасымалданады. Дүниежүзіндегі мұнай құбырының қазіргі кездегі жалпы ұзындығы 400 мың км-ден астам, ал газ құбыры желісінің ұзындығы одан да көп (900 мың км). Құбырмен тасымалдау теміржолмен тасымалдауға қарағанда (өзіндік құны) үш есе арзан және онымен Дүниежүзінік жүктасымалының 11 %-ы тасымалданады. Көліктің бұл түрінің ерекшелігі — ол жүкті тасымалдауда тұрақты және сенімді көлік саналады және қоршаған ортаны ластамайды.Солтүстік Америкада құбырлар мұнай мен газды өндіретін аудандардан құрлықтың индустриясы дамыған Шығыс аудандарына тартылған. Батыс Еуропада олар теңіз порттарынан өнеркәсіпті орталықтарға және құрлықтың шеткі аудандарына жүргізілген.Дүниежүзіндегі ең ірі мұнай құбырларына дружба — Ресей — Батыс Еуропа (5,5 мың км), Канададағы Редуотер Порт-Кредит (4,8 мың км), т.б. жатады. АмериканыңХьюстон — Нью-Йорк қатты өнім тасымалдайтын құбырының ұзындығы — 2,5 мың км.Су асты құбыр желілері. Жерорта теңізі түбімен трансжерортатеңіздік газ құбыры тартылған. Мұндай құбырлар Мексика шығанағы мен Солтүстік теңізде де жүргізілген.

Әуе көлігі. Бұл көлік — әрі жылдам, әрі қымбат көліктердің бірі. Оның халықаралық жолаушы тасымалдауында маңызы зор. Әуе көлігі жылдамдығымен, икемділігімен, сонымен қатар басқа көліктер жете алмайтын қолайсыз аудандармен байланыстыра алатындығымен ерекшеленеді.Дүниежүзіндегі ең ірі әуе паркі АҚШ-та орналасқан. Одан басқа іріәуе ұшақтарыныңорналасуы Канадада, Францияда, Австралияда және Германияда байқалады. Халықаралық әуе байланысына 1 мыңнан астам әуежай қатысады. Тек Еуропада олардың саны 400-ге жуық.Алғашқы тұрақты әуе жолы Алматы — Ташкент қалалары арасында 1924 жылы қалыптаса бастады. Осы жылдары Қазақстанның азаматтық әуе флоты басқармасы құрылды. Елімізде 2000 жылы 62 әуе компаниясытіркелген. Олардың екпіндегі ең қуаттысы — “Эйр Астана” әуе компаниясы.

Компания ұшақтары дүниежүзінің барлық дерлік елдерімен байланыстырылған. Жалпы еліміздегіәуе жолының ұзындығы —49 млн км.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
б) оқу орны: аудитория
Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет.  Экземпляры: всего:1
**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с  Экземпляры: всего:1
**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземпляры: всего:1
**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с  Экземпляры: всего:9
**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География)  Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика )  Экземпляры: всего:1
5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные   Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический  словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

Атлас, контурная карта 10 класс.
**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.
**Бақылау сұрақтары:**
1. Көлік түрлері мен қызметіне тоқталыңыз.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.
**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

**№ 8 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Дүние жүзілік халықаралық экономикалық қатынастар.
№ 1 Аралық бақылау.
Сағат саны:135 мин
**5.2. Сабақтың мақсаты:** Дүниежүзілік халықаралық қатынастар. Дүниежүзілік сауда.Экономикасы ашық елдер. Халықаралық несие- қаржы қатынастары. Дүниежүзілік экономикалық қатынастар туралы мәлімет беру.
**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.
**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.
**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.
**Ұйымдастыру кезеңі**- 10 мин
а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин
а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау
**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин
**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**
1. Дүниежүзілік халықтарының саны, оның ұдайы өсуі.
2. Демократиялық саясат
3. Халықтық құрамы мен құрылымы.
4. Халықтың орналасуы мен тығыздығы.
5. Халықтың көшіп-қонуы.
6. Халық және қоршаған орта.
7. Ғылыми-техникалық революция (ҒТР) ұғымы.
8. Дүниежүзілік шаруашылық ұғымы.
9. ҒТР-дың өсу қарқыны мен даму деңгейіне ықпалы: « Үшінші өнеркәсіп революциясының» басталуы.
10. ҚР басқару формасы мен әкімшілік құрылысы қандай.
11. Басқару формасының түрлері қандай?
12. Конституциялық монархия абсалютті монархиядан немен ерекшеленеді?

13. Қазақстан егеменді тәуелсіз, зайырлы, демократиялы мемлекет деген нені білдіреді?
14. Қазақстанның әлемдегі орны қандай деп бағалайсыз?
15. XX ғ. Саяси картада кандай өзгерістер болды?
16. Ғылыми-техникалық революция (ҒТР) ұғымы.
17. Дүниежүзілік шаруашылық ұғымы.
18. ҒТР-дың дүниежүзілік шаруашылықтың басты пропорцияларына ықпалы.
19. Дүниежүзіндегі көліктің даму сипаты
20. Дүниежүзі елдерінің қазіргі көлік жүйесі

1.Екінші дүниежізілік соғыстан кейін дүниежүзілік саяси картада отаршылдық жүйесі құлдырап, бірқатар социалистік елдер пайда болып, тәуелсіз мемлекеттер саны көбейе түсті. Осы кезеңде соғысқа қатысқан елдердің арасында бейбітшілік, келісімділік қатынасын орнату үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды (1945 ж, АҚШ, 193 ел кіреді.). оның басты мақсаты- әлемдегі бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бейбіт өмірге төнген қауіптің алдын алу н/е бетін қайтару, шиеленістерді реттеу. Бірақ соғыстан кейінгі уақытта да бейбітшілік жолына тұрудан бас тартқан Шығыс пен Батыс елдері «суық соғыс» қатынасын қатаң жүргізіп отырды. Сол кезден бастап әскери-саяси одақтар құрыла бастады, олардың бірі НАТО (Солтүстік Атланттық келісім ұйымы1949 ж., Бельгия, 26 ел кіреді: Бельгия, Болгария, Ұлыбритания, Венгрия, Германия, Грекия, Дания, Исландия, Испания, Норвегия, Польша ж/е т.б.мақстаы- біртұтас қорғаныс жүйесін құратын әскери- саяси одақ) және Варшава Келісімінің ұйымы пайда болды. Жалпы, халықаралық қатынастар дегеніміз – территориялық қалыптасудың және ішкі қоғамдық қарым- қатынастың шегінен шығатын қоғамдық қарым-қатынас түрі. Осындай күрделі процесстердің негізіде халықаралық ұйымдар пайда бола бастады. Халықаралық ұйымдар - мемлекеттердің немесе олардың құрылымдарының, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың, ұлттық қоғамдардың, үкіметтік емес сипаттағы қауымдастықтардың, әртүрлі мемлекеттердің атынан жүретін жеке мүшелердің бірлесуі; қоғамдық өмірдің әртүрлі (саяси, экономикалық, әлеуметтік, әскери-саяси, мәдени, ғылыми-техникалық, аймақтық, аймақаралық, және т.б.) салаларында ортақ мақсаттарға жету үшін құрылады және халықаралық әріптестіктің аса маңызды түрі болып табылады. Халықаралық ұйымдар XIX ғ. екінші жартысында пайда болды, ол ұлттық мемлекет шеңберінен шыққан дамыған экономикалық және әлеуметтік-саяси қатынастардың түбегейлі жаңа мәселелердің, трансұлттық міндеттердің шешімін табуда бірлесудің, халықаралық күшті жұмылдырудың объективті қажеттілігінен туды. Қазіргі кезде 500 – ге жуық халықаралық ұйымдар бар. Солардың бірі – Еуропалық Одақ (1957 ж.) Еуропалық орталық қауымдастық. Оның басты міндеті – біртұтас экономкалық одақ құру арқылы елдер арасындағы тауар, қаржы, жұмыс күшінің еркін айналымына жағдай жасау. Оған 27 ел кіреді: Бельгия, Германия, Италия, Люксембург, Нидерланды, Франция, Ұлыбритания, Дания, Ирдандия, Гркия, Испания,Португалия, Австрия, т.б.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет.  Экземпляры: всего:1
**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с  Экземпляры: всего:1
**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземпляры: всего:1
**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбина арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с  Экземпляры: всего:9
**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География)  Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика )  Экземпляры: всего:1
5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные   Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический  словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Халықаралық сауда, айналым, тауар құрылымына тоқталыңыз
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

**№ 11 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Батыс Европа елдері. Жалпы сипаттама.
Сағат саны:135 мин
**5.2. Сабақтың мақсаты:** Европаның саяси картасындағы өзгерістер, өнеркәсібі, табиғи байлықтары салалар географиясы туралы түсінік беру.
**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.
**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.
**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.
**Ұйымдастыру кезеңі**- 10 мин
а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин
а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау
**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин
**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**
1. Территориясы, шекарасы,орны.
2. Табиғат жағдайлары мен байлықтары.
3.Халқы
4. Шаруашылығы. Оның алатын орны
5.Өнеркәсіп. Оның басты салалары
6. Ауыл шаруашылығы. Оның түрлері
7. Шетелдік Еуропаның ірі бөліктері.
8. Даму кіндігі
9. Жоғары дамыған аудандар

Шетелдік Еуропаның *территориясы* солтүстіктен оңтүстікке қарай 5 мың км-ге, батыстан шығысқа қарай 3 мың км-ден астам қашықтыққа созылып жатыр. Шетелдік Еуропа елдерінің *экономикалық- географиялық жағдайын* екі басты белгі айқындады.
1. Көршілік жағдайы. Территориясы шағын, шалғай аудандары аз және көлік тез арада өте шығатын бұл елдер бір-бірімен тікелей шектесіп жатады, немесе олардың арасын болмашы қашықтық бөліп тұрады.
2. Теңіз маңайы. Олардың көбі қатынас қызған теңіз жолдарына жақын орналасқан. Ұлыбританияның, Нидерландының, Данияның, Норвегияның, Исландияның, Португалияның, Испанияның, Италияның, Грецияның бүкіл тіршілігі теңізбен тығыз байланысты.Аймақтың саяси картасы 20 ғ. үш үлкен өзгеріс көрді: бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстан кейін және соңғы жылдары елдердің бірігуі. Шетелдік Еуропада республикалар да, монархиялар да, унитарлы мемлекеттер де, федерациялы мемлекеттер де бар.

Шетелдік Еуропаның өнеркәсібіне қажетті табиғи алғышарттар пайдыла қазбалардың орналасуының зор ықпалымен қалыптасты. Олардың аймақтың солтүстік және оңтүстік бөліктеріндегі құрамының бір-бірінен айырмашылығы бар. Солтүстік бөлікте Балтық қалқаны мен герцин қатпарлылығымен байланысқан кенді пайдалы қазбалар, шөгінді

тасы мен оның шеткі ойыстары, пайдалы қазбалары таралған Оңтүстік бөлікте магмалық, шөгінді кен орындары көп, бірақ отын қоры аз. Аймақтың агроклиматтық факторлары оның қоңыржай, оңтүстігінде- субтропиктік белдеуге орналасуына байланысты айкындалады. Жерорта теңізі маңайындағы тұрақты егіншілік қолдан суаруды керек етеді.Кәдімгі орман ландшафтылары басым Швеция мен Финляндияда орман шаруашылығын жүргізуге қажетті табиғи алғышарттар жеткілікті. Шетелдік Еуропада табиғи- тыныңу қорлары да мол.Соңғы уақытта шетелдік Еуропаның халқының өсуі баяулады. Кейбір елдерде халықтың саны кеміп барады. Осының бәрі халықтың сыртқы көшіп- қонуының дүниежүзілік жүйесіндегі аймақ үлесінің күрт өзгеруіне әкеп соқтырды. Ұлы географиялық ашылулар заманынан бері эмиграцияның ошағы болған шетелдік Еуропа еңбек иммиграциясының дүниежүзілік басты ошағына айналды. Шетелдік Еуропа халқының ұлттық құрамы айтарлықтай бірдей: аймақтағы 62 халықтың басым көпшілігі үнді-еуропа тіл әулетіне жатады. Мұнда славян, роман, герман топтарына жататын туыс тілдердің көптігін ұқсастық белгілері бар.

Христиан діні- шетелдік Еуропаның барлық елдеріндегі үстем дін. Оңтүстік Еуропада католицизм, Солтүстік Еуропада- протестанттық күрт басым; ал Орта Еуропа олар әр түрлі қатынаста таралған. Католицизмнің дүниежүзілік орталығы- Ватикан Римде орналасқан.

Тұтас аймақ ретінде шетелдік Еуропа өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісінің көлемі, тауарлар және қызметкөрсету экспорты, алтын және валюта қоры, туримді дамыту жөніндегі дуниежүзілік шаруашылықта бірінші орын алды. Аймақтың экономикалық қуаты ең алдымен Батыс елдерінің « үлкен жетілігіне» кіретін төрт ел- ГФР-ге , Францияға, Ұлыбританияға, Италияға байланысты болады.

Шетелдік Еуропаның халықаралық географиялық еңбек бөлінісіндегі келбеті 200 жылдан астам уақыт бойы, тіпті қазіргі кезде де көбінесе өнеркәсіптің дамуына байланысты болып отыр. Машина жасау- шетелдік Еуропа өнеркәсібінің жетекші саласы, шетелдік Еуропа машина жасаудың отаны болып табылады. Химия өнеркәсібі 2 -ші орында. Ауыл шаруашылығы – табиғи және тарихи жағдайлардың ықпалымен үш түрге бөлінеді: 1) солтүстік еуропалық( интенсивті сүтті мал шаруашылығы), 2) Отра еуропалық(сүтті және сүтті етті мал шаруашылығы, шошқа және құс өсіру), 3) Оңтүстік еуропалық( жеміс, цитрус, жүзім, бадам, жаңғақ, темекі). Аймақтағы елдердің бәрі мемлекеттік экономикалық саясат жүргізеді және барған сайын айналадағы ортаны қорғауға бағытталған батыл шаралар қабылдайды.Шетелдік Еуропаның төрт ірі бөлігі бар: Шығыс Еуропа , Орта Еуропа, Сотүстік Еуропа, Оңтүстік Еуропа. Олардың әрқайсысы қайталанбас қаумдастық. Шетелдік Еуропаның халқы мен шаруашылығының территориялық құрылымы негізінен 19 ғасырда қалыптасқан. Орналасудың басты тақырыбы табиғат байлықтары едіү Аймақта бар жоғы шамамен 400 қала агломирациясы және 100 жуық қнеркәсіпті аудан бар. Өз кезегінде «Еуропаның басты көшесі» - Рейн – Рона сызығы оның өзегі болып саналады. Бұл кіндікті шекарасында 120 млн. Адам тұрады және аймақтың бүкіл экономикалық қуатын жартысына жуығы осында шоғырланған.

Үлкен Лондон мен Үлкен Париждің астаналық аймақтары өнеркәсіптің ең жаңа салалары, инфрақұрылымды, ғылымды, қызмет көрсету саласын шоғырландырған жоғары дамыған аудандарға жатады. Қала орталығынан 70-80 км радиустағы территорияны алып жатқан Лондон аймағы 12-13 млн. Адам тұрады, ал халықтың орналасу тығыздығы 1 км-ге 750 адамға жетеді. Лондонның орталық бөлігін жеңілдету үшін сегіз жаңа серік қалалар салынған.Үлкен Парижде 10 млн. Адам тұрады. Ол франция территориясының 1,5 %-ін қамтиды, бірақ мұнда оның өнеркәсіп өнімінің ¼-і өндіріледі, ғылымды көп қажет

ететін салалар жеткілікті, ал «Париж бұйымдарын» жасауда Париж көптеген ғасырлар бойы бүкіл дүние жүзі үшін «сән орталығы» болып келеді.Шетелдік Еуропада әлі де айтарлықтай артта қалған, негізінен өнеркәсіпті бірқатар аудандар бар. Оған ел территориясының 40 %-ін алып жатқан оңтүстік Италия. Мұнда халықтың 35%- тен астам және өнеркәсіпте еңбек ететіндердің 18%- ғана шоғырланған.

Шетелдік Еуропа – дүние жүзінің территориясы ең шағын аймағы, бірақ оның дүние жүзілік шаруашылықтағы рөлі өте зор. Соңғы уақытта аймақтың саяси және экономикалық картасында үлкен өзгерістер болуда.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
б) оқу орны: аудитория
Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
3.Ахметов Е.Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1
4. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1
5. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.
Экземпляры: всего:1
6.Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9
7. География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика ) Экземпляры: всего:1
5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20

6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Еуропа елдерінің халқы ұлттық құрамы.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

**Үй тапсырмасы**. 5 мин.

## № 10 сабақ

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Азия елдері.
Сағат саны:135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:** Азия территориясы, халқы, табиғат байлықтары, өнеркәсібі шаруашылығы жайлы мәлімет беру.

**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.
**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.
**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.
**Ұйымдастыру кезеңі-** 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау

**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**

1. Территориясы, шекарасы,орны.
2. Табиғат жағдайлары мен байлықтары.
3.Халқы
4. Шаруашылығы. Оның алатын орны
5.Өнеркәсіп. Оның басты салалары
6. Ауыл шаруашылығы. Оның түрлері
7. Шетелдік Еуропаның ірі бөліктері.
8. Даму кіндігі
9. Жоғары дамыған аудандар

**8. Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин

***1.*****Территориясы,шекарасы,жағдайы.***Шетелдік Азияның территориясы* солтүстіктен оңтүстікке қарай 7 мың км, ал батыстан шығысқа қарай 10 мың км-ден астам қашықтыққа қарай созылып жатыр. Аймақтағы екі ел- Қытай мен Үндістан-алып елге,қалғандарының көпшілігі – айтарлықтай ірі елдерге жатады. Бірақ осымен қатар ,Азияда шағын елдер де көп.Көптеген елдердің шекарасы жақсы байқалатын табиғи шептер арқылы өтеді.Бір қатар жерлерде,мысалы,Гималай,бұл экономикалық және басқа байланыстар үшін едәуір кедергі келтіреді.

Аймақтың *экономиқалық-географиялық*жағдайы 3 басты белгіле рмен сипатталады. Біріншіден, бұл *көршілік жағдаы*, ол көбіне Азияның төрт ірі аймағының әрқайсысындағы елдерді біріктіреді.

Екіншіден,бұл көптеген елдердің *теңіз манайындағы жағдайы***,** мұның өзі аса маңызды дүние жүзілік сауда жолдары өтетін Тыңық, Үнді және Атлант мұхиттарына шығуды қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, бұл кейбір елдердің*ішкері орналасқан жағдайы,* мұнын өзі тұтас алғанда аса ұтымды емес.

Шетелдік Азияның *саяси картасы* сонғы уақытта үлкен өзгерістерге ұшырады.Екінші дүниежүзілік соғыстың алдында халықтың 90%-і отарлар мен жартылый отарда тұрды. Қазір аймақтың барлық елдері-егемен мемлекет.Соған қарамастан, Таяу Шығыста әлі де Палестина мемлекеттің проблемасы шешілмеген.

**3) Халқы:***Араб елдері осы жарылыстың ошағы болып отыр***.**Олардың көпшілігі мемлекеттік демографиялық саясат жүргізбейді. Бірай аймақтың басқада көптеген елдерінде ол айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Халықтын тез өсуіжәне жасаруы жалғасуда. Қазір өсу қарқынды бойынша шетелдік Азияның халқы 30 жылда екі еселенді. Мұндай демографиялық жағдай көптеген экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемаларды күрделендіре түседі.Шетелдік Азия халқының этникалық құрамы ерекше күрделі: этнограф- ғалымдар мұнда әр түрлі тіл әулеті мен топтарына жататын 1 мыңнан астам ұлт тұрады деп есептейді. Олардың ішінде өте ірі , сондай-ақ таулы жерлерге шашырай қоныстанған өте аз санды халықтарда бар. Шетелдік Азия-көптеген ғасырлар бойы саясатқа, эконномикаға, рухани мәдениетке, халықтың ұдайы өсуіне ,халықтардың әдет- ғұрпыа зор ықпал еткен бүкіл дүниежүзілік *діндердің отаны.* Дін материалдық мәдениетт*е де*- мұсылмандардың мешіттерде, индустардың храмдарында, буддалардың ғибадатханалары мен монастырьларына кеңінен қолданылады. Қазіргі кезде де ол адам өмірінің барлық жақтарына күшті ықпал етуде.

Аймақтың халқы өте әр келкі орналасқан. Мұндағы бір полюсте –теңіз маңайындағы жазықтар, өзендердің аңғарлары мен атыраулары болса,екінші полюсінде-шөлдер мен шөлейттер, биік таулар , тропиктік ормндар ы жайғасқан.

**1) Территориясы, шекарасы,жағдайы.** Қытай Халық Республикасы- *территориясының көлемі* Жөнінен дүние жүзінде үшінші орын алатын мемлекет. Бұл ел батыстан шығысқа қарай 5,7 мың км-ге, солтүстіктен оңтүстікке қарай-3,7 мың км-ге созылып жатыр. Қытайдың құрлықтағы шекарасы көбіне жақсы байқалатын табиғи шептер арқылы өтеді. Сырт экономикалық байланыстар үшін негізінен теңіз жолы пайдаланатындықтан, теңіз маңындағы аудандардың экономикалық- географиялық жағдайы едәуір тиімді.

Қытай 23 провинцияға және орталыққа бағынатын үш қалаға – Пекин,Шанхай,Тянцзин- бөлінеді. Елдегі кейбір провинцияларда Европаның ең ірі елдеріндегідей мөлшерде халық тұрады.

**2)Халқы.***Қытай 2 мың жыдан бері жер шарындағы ең халқы көп ел болып келеді.* Қытай нақылдарынын бірінде “ Адам тауы, адам теңізі“ деп айтылу кездейсоқ емес.

ҚХР құрылған 1949 ж. Бері оның халқы саны 2 есе өсіп , 1990ж. Бүкілқытайлық халық санына сәйкес 1 млрд. 134 млн адам болды.
*Этникалық құрамы бойынша* алғанда Қытайдағы халықтың басым көпшілігі қытайлар олар елдің бүкіл шығыс жартысына қоныстанған. Қытайдың бүкіл халқына есептегенде шағын ұлттардың үлесі 8% қана болғанына қарамастан, бұл елді әдетте көп ұлтты елге жатқызады. Оның себебі 1)Қытай емес ұлыстар емес этникалық топтардың жалпы саны 60-қа жуықтайды .2)Олардың жалпы саны 80 млн адамнан асады . 3)Олар ел территориясының жартысынан астамына қоныстанған.
**4. Ішкі айырмашылықтар мен қалалар** . Территориялық жоспарлауды жетілдіру мақсатында 80- жылдарында Қытай – Шығыс, Орталық жане Батыс экономикалық зона белгіленді.
Шығыс зона экономикалық жағынан алғанда неғұрлым дамыған аймақ. Өнеркәсіп орталықтары мен тораптарының көпшілігі, көптеген ауылшаруашылық аудандары, көлік магистральдары, барлық теңіз порттары осында орналасқан. Аса ірі қалаларда осы зонада.Қытайдағы қалалардың ең үлкені- Шанхай. Ол теңізден 50 км қашықтықта Янцзы өзенінің сағасына құятын Хуанпу өзенінде орналасқан. Бұл дүние жүзіндегі аса ірі порттардың бірі және елдің көптеген мыңдаған кәсіп орындары бар аса маңызды өнеркәсіп орталығы. Соңғы уақытта мұнда ҚХР-дағы нағыз осы заманғы металлургия комбинаты, тұңғыш АЭС салынып, еркін экономикалық аймақ құрылған. Бұрын Шанхай ең жайсыз әрі халық асатығыз орналасқан қалалардың бірі болатын. Онда қазір де халық өте тығыз орналасқан, бірақ қала қайта құрылуда, оның төңірегінде серік қалалар бой көтерген.Халқының саны жөнінен екінші орынды Пекин қаласы алады. Ол теңізден 170км қашықтықта, елдің халқы барынша тығыз орналасқан аудандарының біріне- Ұлы Қытай жазығына орналасқан. Ол әр түрлі атаумен әлденеше рет ертедегі жане орта ғасырлардағы Қытай мемлекеттерінің астанасы болды, ал XVғасырдан бері қазіргі атауына ие болды. Қаланың орталық тарихи бөлігі дәстүрлі тікбұрышты пішінін сақтаған. Мұнда көптеген тарихи жане мәдени көрікті орындар бар.
1984ж қытай үкімкті сыртқы дүние үшін теңіз маңындағы 14 қаланы ашу жөнінде шешім қабылдап, оларға тікелей сыртқы экономикалық байланыстар жасау хұқын берді.
**Территориясы, шекарасы, жағдайы: “Күншығыс елі”.** Территориясының көлемі бойынша Жапонияны Батыс Еуропаның барынша ірі елдерімен және АҚШ-тың үлкен штаттарымен салыстыруға болды. Бірақ құрамы мен пішіні жөнінен олардан күрт өзгеше болып келеді. Жапония-төрт ірі және 4мыңдай ұсақ аралдарға орналасқан архипелаг ел. Бұл тұтас бір аралдар дүниесі! Табиғат байлықтарына кедей болса да, Жапония... Жағалауға өте бай.

Жапонияның экономикалық -географиялық жағдай ең алдымен ол орналасқан аралдар доғасының Еуразия материгі мен Тынық мұхитының түйісінде 3,5 мың км-ге созылып, Азия-Тынық мұхиты аймағының орталығында орналасуына қарай анықталады. Бұл елдің халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне қатысуы үшін өте үлкен мүмкіндіктер ашылды.

Жапонияның Азияның қиыр шығысына орналасқан жағдайы оның “Күншығыс елі” деп бейнелі аталуына да себепші болған.
**Шаруашылығы.** Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін *ауыл шаруашылығы* да түбегейлі қайта құрылды. Жапония қашанда таза егіншілікті ел болатын. Өндіретін жердің жартысына жуығына өсірілетін күріш бұрынғыша негізгі дәнді дақыл.Жапонияның басты тағамы болса бау-бақша , әсіресе ірі қара, шошқа, құс өсіру барынша дамытылды. Жапонияның ауыл шаруашылығында барлығы 6 млн. Адам еңбек етеді, ал өндірілетін жер

территорияның не бары 16%-ін құрайды. Жапонияның өзен көлігі мен құбырдан басқа көліктің барлық түрлері дамыған.

Жапонияның халықаралық экономикалық байланыстарға ерекше тартылуы – оның шаруашылығының өте маңызды ерекшелігі. Елде өзінің отаны мен шикі затының аздығы оның 9/10 жағдайға импортқа бағыт ұстауға мәжбүр етті. Екінші жағынан алғанда , ел экономикасы дайын бұйыдар экспортына төтенше тәуелді. Жапонияның белсенді сауда байланысы бар, Дүние жүзінің көпшілік елдерінен жапон фотоапаратын , бейнемагнитофонын, калькуляторын , автомобилін, мотоциклін сатып алуға болады.

Жапонияның шаруашылығының тағы бір маңызды дәстүрлі саласы *–балық аулау* .Жапония дүние жүзіне балық аулау 1 –ші орында тұр. Елде 3 мың-нан астам балық аулайтын порттар бар. Бағалық теңіздердің бай әрі алуан түрі фаунасы балық аулауды ғана емес, сонымен бірге теңіз дақылдарын өсіруді дамытуға да мүмкіндік туғызды.Жапондық тамаұ рационында балықпен теңіз өнімдері өте үлкен орын алады. Інжу теруде жақсы дамыған.

**Территориясы.** Пішіні жөніне Үндістан территориясы үшбұрышты еске алады, бұл үшбұрыштың негізгі материкке сүйеніп , Азияның қалған бөлігінен Гималай тау жүйесімен бөлінеді. Бұл территорияның үлкендігімен оқшаулығы оны Үндістан ірі континенті деп атауға мәжбүр етті. Ел солтүстіктен оңтүстікке қарай 3,2 мың км-ге , батыстан шығысқа қарай -2,9 мың км-ге созилып жатыр. Үндістан – дүние жүзіндегі ежелгі мемлекеттердіңбірі. Ол 2 ғасырдай уақыт бойы Англияның отары болды . 1947 ж. Тәуелсіздікке жетті, ал1950ж. Республика болып жарияланды. Мемлекеттік құрылысы бойынша Үндістан 25 штаттан тұратын федерациялы республика. Оның әрбір штатының заң шығаратын жиналысы мен үкіметі бар . Бірақ күшті өкімет сақталады. Үндістан Ұлыбритания басқаратын Достастықтың құрамына кіреді.

**2)Халқы.** Үндістан- халқының саны жөнінен дүние жүзінде Қытайдан кейін 2 ші орын алатын ел. Мұнда халық саны 1891ж. Әр бір жыл 10 жыл сайын жүргізілп тұрды. 1901 ж. Үндістанда 239млн,1951ж. -361 млн, 1981ж. 683млн,1991ж.844млн адам тұрған

Үндістандағы халықтың этникалық құрамы ерекше көп түрліҮндістан дүние жүзіндегі ең көп ұлтты ел.” Үнділер “ деген ұғым әр түрлі әлеуметтік- экономикалық сатыда тұрған және түрліше тілдерде сөйлейтін бірнеше жүздеген этностық – ұлттарды , ұлыстар мен тайпаларды біріктіреді. Үндістанның халқы әр келкі орналасқан.Халық ежелден ақ ең алдымен өзен аңғарларда , атыраулардағы құнарлы ойпаттар мен жазықтаға, теңіз жағалауларында орналасқан. Елде 4,5 мыңнан астам қала бар оның үстіне, үлкен қалалар мен “ милионер“ қалалардың саны өсіп келеді.

Дін қоғамдық және отбасылық қоса алғанда Үндістанның өмір салтына өте күшті ықпал етеді Үнділердің 4/5-і индуизм және 1/10-і мұсылмандықты ұстайды. Индуизм аса маңызды парыздарының бірі- қоғамды қастарларға бөлу. Мұндай қастарлар ресми түрде жойылғанына қарамастан , әлі күнге дейін , әсіресе ауылдық жерлерде сақталып келеді .

**3) Шаруашылығы мен өнеркәсібі .**Үндістан әлі де өте қайшылықты ел күйінде қалып отыр. Ол өндірістін жалпы көлемне дүние жүзінде 11- орында , ал жан басына келетін ұлттық табыстын днңгейі жөнінен -102- орында ғана Оның тұрғындарының 2/5 кедейлердің ресми деңгейінен төмен тұрады.

Үндістанның өнеркәсібіне еңбекке жарамды халықтың 1/5-і еңбек етеді. Ол жеңіл және тамақ өнеркәсіпті елден ауыр индустриясы дамыған елге айналды. Үндістан станоктар, тепловоздар, автомобильдер , тракторлар, теледидарлар, электронды есептеуіш машиналар ,АЭС терді шығарады. Үндістанның жеңіл өнеркәсіптің басты саласы- мақта-мата , джут , тігін өнеркәсібі. Ауыл шаруашылығында Үндістанның еңбекке жарамды халқының 3/5 жұмыс істейді. Мемлекеттін қаржы бөлу , жасыл революцияның

жетістіктерін пайдалану нәтижесінде дәнді дақылдан, әсіресе бидайдан алынатын түсім едәуір артып , ел төменгі деңгейде болсада өзін астықпен қамтамасыз етеді .Үндістанда Үнді-Ганг ойпатында орналасқан 2 басты егіншілік зона қалынптасқан.Бұл ойпаттың оңтүстік- шығыс бөлігінде Үндістанның күріш өсіретін басты зонасы қалыптасқан. Солтүстік-батыс бөлігі Пенджапта басты бидай зонасы орналасқан.Бидайды раби маусымында , негізінен суармалы жерлерде өсіреді. Осы мақсатпен гидротехникалық құрылыстар салынған,олардың ішінде аса ірісі –Бхакра-Нангал.

Шетелдік Азия– халқының саны жөнінен дүние жүзіндегі ең үлкен аймақ оның көптеген экономикалық , әлеуметтік, экологиялық проблемалары демографиялық жарылысқа байланысты. Аймақ территориясының өте үлкендігі де аймақтың орнына, табиғат жағдайлары мен қорларына,халқы мен шаруашылығына байланысты көптеген айырмашылықтар туғызады.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

3.Ахметов Е.Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1

4. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1

5. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.
Экземпляры: всего:1

6.Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9

7. География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002

2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.

3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.

4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). -

(Экономика ) Экземпляры: всего:1
5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Азия елдерінің халқы, ұлттық құрамы.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

## № 11 сабақ

**5.1.Сабақтың тақырыбы:** Австралия елдері.

Сағат саны:135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:** Австралияның территориясы, халқы, табиғат байлықтары, өнеркәсібі шаруашылығы жайлы мәлімет беру.

**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік:**Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.

**Дамыту:** оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі-** 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау

**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин

**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**

1. Территориясы, шекарасы,орны.
2. Табиғат жағдайлары мен байлықтары.
3.Халқы
4. Шаруашылығы. Оның алатын орны
5.Өнеркәсіп. Оның басты салалары
6. Ауыл шаруашылығы. Оның түрлері
7. Шетелдік Еуропаның ірі бөліктері.
8. Даму кіндігі

9. Жоғары дамыған аудандар

Австралия - оңтүстік жарты шардағы құрлық. Ол 10°41' оңт. ендіктегі Йорк мүйісінен 39°11' оңт. ендіктегі оңт.-шығ. мүйіске дейін және 113°05' шығ. бойлықтғы Стип-Пойнт мүйісі мен 153°34' шығ. бойлықтағы Байрон мүйісі аралығында орналасқан. Аум. жағынан Жер шарындағы ең кіші құрлық (7,63 млн км²). Батысы мен оңтүстігін Үнді мұхиты, шығысы мен солтүстігін Тынық мұхиттың Тасман, Маржан, Тимор және Арафур т-дері қоршаған. Жағалаулары аз тілімделген. Ірі шығанақтары — солтүстігінде — Карпентария, оңтүстігінде — Австралияның үлкен шығанағы. Австралияның солтүстігінде Кейп-Йорк түбегі, шығыс, солт.-шығ. жағалауын бойлап (ұз. 2300 км) Үлкен тосқауыл рифі жатыр. Оңтүстігінде Тасмания ар-нан Австралияны Басс бұғазы бөлген. Оңтүстігін бойлай Үлкен Австралия шығанағы орналасқан. Европалықтар үшін Австралия құрлығын 1606 ж. голландиялық теңіз саяхатшысы В. Янсзон ашқан. Жер бедері Австралия жерінің басым көпшілігі жазық және оның 95%-тен астамының биікт. 600 м-ден аспайды. Орограф. ерекшеліктеріне қарай жер бедерін 3-ке бөлуге болады. Батыс Австралия таулы үстіртінің орташа биікт 400—500 м, үстірттің шығысында (құрлықтың орталық тұсында) Макдоннелл жотасы (1.510 м), солтүстігінде Кимберли алқабы (биікт. 936 м), оңт.-батыста Дарлинг (582 м) жоталары жатыр. Орталық ойпаттың биікт. 100 метрден аспайды, ал Австралиядағы ең темен жер — Эйр к-нің маңы (мұхит деңгейінен 12 м төмен орналасқан). Ойпаттың оңт.-батысында Флиндерс, Маунт-Лофти жоталары бар. • Құрлықтың бүкіл шығыс бөлігін ұзына бойы созылған Үлкен суайрық жот асы алып жатыр. Оның тау беткейлері жадағай келген, шығыс беткейі тік құлама және қатты тілімделген, батыс беткейлері біртіндеп төбелерге және көлбеу жазықтарға ұласқан. Австралияда ең биік жер — Косцюшко тауы (2.230 м) құрлықтың осы тұсында орналасқан. Геологиялық құрылысы және кен байлықтары Құрлықтың іргетасын, негізінен, Австралия платформасы мен Шығыс Австралия геосинклинальді белдеуі құрайды. Платформа құрлықтың батысын, Сент-Винсент шығанағына дейінгі орталығын және оның Арафур т. астындағы бөлігін, Жаңа Гвинея аралының оңтүстігін қамтиды. Геосинклиналь белдеуі Кейп-Йорк түбегінен басталып, Тасмания аралымен бітеді. Австралия платформасының түпкі негізі (архей-төм. протерозой) күшті метаморфтану салдарынан гнейс пен гранитке айналған жанартаулық жыныстар мен терригенді шөгінділерден тұра-ды. Архей жыныстары Пилбара мен Калгури жақпарларында, солтүстікте Кимберли үстірті мен Антрим тауларында және Арнхемленд түбегінің солт.-батысында кездеседі. Протерозой шөгінділері Батыс Австралияның Наллагайн, Кимберли үстірті ойыстарында, Карпентария шыганағының оңт.-батысында көп ұшырасады. Платформаның солт.-батысындағы Үлкен құмды шөлде триас, юра шөгінділеріне толы Каннинг ойысы, Үлкен шығанақтың солт. жағасында палеоген жыныстары басып жатқан кайнозой дәуірінің Юкла ойысы бар. Шығыс Австралия геосинклиналь белдеуі батыстан шығысқа қарай біртіндеп алмасатын каледондық және герциндік жүйелерден құралған. Солтүстік-тен оңтүстікке қарай Карпентария шығанағы, Үлкен Артезиан және Муррей алаптары сияқты бірнеше ойыс жатыр. Құрлықтың архей, протерозой, кембрий, ордовик жыныстарында, алтынның (Калгури, Кулгари, Бендиго, Балларат), уранның (Рам-Джангл, Мэри-Катлин, Радиум-Хилл), түсті металдардың (Брокен-Хилл, Маунт-Айза, Клонкар-ри) ірі кен орындары, оңт. мен бат-ндағы протерозой шөгін-ділерінде темір мен марганец-тің, ал солтүстігіндегі Уайпа кен орнында боксит кентасы бар. Үлкен артезиан алабы мен Амадея ойысында, Виктория жағалауындағы әр түрлі геол. жүйелерде мұнай мен газ мол. Құрлықтың шығысы мен ба-тысында титан мен циркониийдің аса ірі кен орындары

орналасқан. Ауа райы Құрлықтың басым бөлігін тропиктік (18°—30° оңт. ендік), ал солтүстігі мен оңтүстігін субтропиктік белдеу алып жатыр. Шығыс жағала-уының климаты — тропиктік теңіздік, Күн радиациясы үнемі жоғары, ашық күндер басым. Тұрақты аяз тек оңт.-шығ-тағы Австралия Альпісінде (-22°С-қа дейін) байқалады. Үлкен суайрық жотасының Тынық мұхиттан соғатын ылғалға бөгет жасауы, құрлықтың бүкіл орталық аймағының климатының құрғақ болуына әсерін тигізеді. Австралия жерінің 40%-ке жуығында жауын-шашын мөлш. 250 мм-ден аспайды. Құрлықтың солтүстігі мен шығысындағы тауларда жауын-шашын мөлш. 500 мм-ден 2000 мм-ге дейін жетеді. Бұл аймаққа экватордан келетін ылғалды муссонның әсері бар. Гидрология Аустралияда өзен, көлдер аз. Материктің 60%-ын қамтитын ішкі тұйық алапқа уақытша кебетін өзен арналары - криктер тән. Олар қалдық көлге құяды. Өте таяз, суы тұзды болып келетін, жағалаулары қалың тұз қабыршақтарымен жабылған көлдер – қалдық көлдер. Көлдер құрғақ кезеңде тартылып қалады. Қалдық көлдер материктің батысы мен орталығында көп. Ең ірісі – Эйр көліне бағытталған Куперс-Крик. Аустралия өзендері жаңбыр және жер асты суларымен қоректенеді. Үнді мұхиты алабына Аустралияның ең үлкен өзені – Муррей жатады. Муррей мен оның ірі саласы Дарлинг Үлкен Суайрық жотасынан басталып, Үнді мұхитына құяды. Муррей өзені жыл бойы Австралия Альпісінен келетін сулар есебінен толығады. Құрғақ кезеңде Муррейдің деңгейі күрт төмендейді, ал Дарлинг төменгі ағысында мүлде тартылып қалады. Австралияда 33 артезиан алабы (жер асты сулар) бар. Мұнда дүние жүзіндегі ең ірі Үлкен Артезиан алабы орналасқан. Жер асты суларының көпшілігі тұзды болып келеді. Қабат аралық жер асты сулары 2000 м-ге дейінгі тереңдікте жатқандықтан, оларды бұрғылап, жер бетіне шығару көп қиындық туғызады. Австралия Одағы Аустралия материгі мен көршілес орналасқан Тасмания аралын бір ғана ел – Аустралия Одағы алып жатыр. Қазіргі кезде халық саны 21млн адамнан асады. Елдегі қала халқының үлесі 86% -дан асады. Мемлекеттің байырғы халқы аборигендер метистермен қосқанда халықтың 1%-ын құрайды. Азиядан қоныс аударған қытайлар мен үнділердің саны көп. Аборигендер бір-бірінен тілдік айырмашылықтары арқылы бөлінетін 200-ден астам тайпалардан құралған. Аборигендар аңшылық кәсіпті жақсы меңгерген. Еуропадан қоныс аударған ағылшын ұрпақтарынан материктің келімсек халқы – Австралиялық ағылшындар қалыптасты. Австралия Одағы – шаруашылығы дамыған ел. Тау-кен өнеркәсібі дамып, қалыптасқан. Машина жасау, химия және тамақ өнеркәсібі өркендеген. Аустралия меринос қойларының саны жөнінен дүние жүзінде 1-ші орында. Елдің оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыста бидай егіледі. Жағалық жазықтарда ананас, банан, қант қамысы, ірі қалалардың маңындағы суармалы жерлерде бау-бақша өсіріледі.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
б) оқу орны: аудитория
Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет.  Экземпляры: всего:1
**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с  Экземпляры: всего:1
**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземпляры: всего:1
**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с  Экземпляры: всего:9
**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География)  Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика )  Экземпляры: всего:1
5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные   Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический  словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау. 15 мин.**

**Бақылау сұрақтары:**

1. Австралия елдерінің шаруашылығы.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

**№ 12 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Африка елдері.

Сағат саны:135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:** Африка халқы, территориясы, жайлы түсінік беру. Табиғат ресурстары, өнеркәсібі, ауыл шаруашалығына сипаттама беру.

**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.

**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі-** 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау

**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин

**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**

Солтүстік Африка:территориясының бейнесі.
Тропиктік Африка:территориясының бейнесі.
ОАР-қосарлы экономика елі.

Африканың территориясы 30,3млн.км ,халық 650млн.адам (1990ж). Дүние жүзінде отарлық езгі мен құл саудасынан Африка секілді зардап шеккен өзге континент жоқю.XX ғасырдың басына қарай бүкіл Африка отар материкке айналды және бұл оның артта қалуына себепші болды.Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі отарлық жүйе біртіндеп жойлып, қазір континенттің саяси картасында аралдармен қоса есептегенде 55ел бар.Олардың бәрі дерлік азаматтық алған елдер. Оңтүстік Африка Республикасы экономикасы дамыған мемлекеттердің қатарына жатады.Экономикалық және әлеуметтік дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша Африка өзге ірі аймақтардан айтарлықтай артта қалған,оның үстіне мұндай артта қалуы артып барады.Африканың территориясы солтүстіктен оңтүстікке қарай 8 мың км-ге ,батыстан шығысқа қарай ең ұзын тұсы 7,5 мың км-ге созылып жатыр. Африка елдері жер көлемі жөнінен көбіне Еуропа елдерінен ірілеу болып келеді.Африка елдерінің экономикалық-географиялық жағдайын бағалау үшін әр түрлі өлшемдерді пайдалануға болады.Олардың ең маңыздысы –теңізге шығар жолдың бар-жоқтығы.Теңізден қашық(1,5мың км) орналақан осыншама ел басқа бірден-бір континентте жоқ . Континент ішіндегі елдердің көпшілігі неғұрлым артта қалған елдерің қатарына жатады.Мемлекеттік құрылыс жөнінен Африка айырмашылықтары шамалы: олардың үшеуі ғана монархиялық басқару формасын сақтаған, қалғанлары-республикалар.Табиғат жағдайлары мен байлықтары Африка елдері дамуының аса маңызды факторы . Африка алуан түрлі пайдалы қазбаларға ерекше бай.ол марганец кенінің, хромиттің, бокситтің,алттынның,платиноитардыңб, кобалттің,алмастың,фосфориттің қоры жөнінен басқа континенттердің арасында бірінші орын алады. Оның үстіне,менералдық шикізаттың сапасы жоғары әрі көбіне ашық әдіспен өндіреді.Мысалы: ОРА –Африкадағы пайдалы қазбаларға бай ел. Оның қойнауында

мұнай,табиғи газ,бокcттен басқа қазба қорлардың белгілі түрелерінің бәрі дерлік бар.Әсіресе алтынның,платинаның,алмастың қоры мол.Алайда Африкада пайдалы қазбаларға кедей елдер де бар,бұл олардың дамуын қиындатады.Африканың жер қоры айтарлықтай. Оның әрбір тұрғынына келетін өңделетін жер көлемі Оңтүстік-Шығыс Азиядағы немесе Латын Америкасындағы көрсеткіштен жоғары. Оның үстіне, әзірше континентте аулшаруашылық өндірісіне жарамды жердің небәрі 1/5-індейі ғана өңдейді. Алайда Африканда топырақ эрозиясы да кең таралып барады. 30-жылдары Бельгия геогрфы Жан-Поль Гарруа «Африка-тозып бара жатқан жер» деген атпен континенттегі жердің азып-тозуы жөнінде кітап жазған болатын.Одан бері жағдай едәуір нашарлап кетті.

Африканың агроклиматтық байлығына біржақты баға беруге болмайды.Сендер Африканың планетамыздағы ең ыстық материк екенін білесіңдер, сондықтан ол жылу қорымен толық қамтамасыз етілген . Бірақ су қорлары оның территориясына өте әркелкі бөлінген.Бұл ауыл шаруашылығына , тіпті адамдардың бүкіл тіршілігіне теріс әсер етеді.
«Су –бұл тіршілік!» деген қанатты сөз тіркесі ең алдымен Африкаға қатысты болар.Жерді қолдан суарудың Африканың қуаншылық бөліктері үшін зор маңызы бар. Ал экватор белдеуінде , керісінше,ылғалдың молдығы тіршілік пен шаруашылық әрекеттің басты қиындықтары болып табылады. Африканың су энергетика қуатының жартысына жуығы Конго өзенінің алабына келеді.Африкада халықтың ұдайы өсуі бүкіл дүние жүзінде ең жоғары қарқынға жеткенін сендер білесіңдер. Бұл едәуір дәрежеде көп балалы болуды қолдайтын ежелгі дәстүрлерге байланысты. Африкада «Ақшаң жоқ болса-кедейлігің . Ал балаларың жоқ болса –сорың » дейді. Оның үстіне , континенттегі елдердің көпшілігі белсенді демографиялық саясат жүргізбейді , сондықтан мұнда бала туу көрсеткіші ең жоғары дәрежеде болып отыр.Африка әлі де халықтың өлімі ең жоғары аймақ болып отырғанымен,оның халқы өте тез өсуде және болжам боиынша 2000ж қарай ол 900млн . адамға жетпек .Бұл балалар үлесінің өте жоғары болатынын,жұмсақ орналасу: білім беру, денсаулық сақтау проблемаларының одан әрі шиеленісетінін көрсетеді. Бұған қоса,Африкадағы халықтың «сапасы» да ең төменгі дәрежеде , өиткені ересектердің жартысынан астамы сауатсыз , СПИД-пен ауыратындар да көбейіп барады.Тәуелсіздікті жеңіп алғанан кейін Африка елдері ғасырлық мешеулікті жоюға күш-жігер жұьсай бастайды. Табиғат байлығын мемлекет меншігіне айналдырудың б аграрлық реформаны жүзеге асырудың, экономикалық жоспарлаудың,ұлт кадрларын дайындаудың ерекше зор маңызы болды. Осының нәтижесінде даму қарқыны жеделдетеді. Шаруашылықтың салалық территориялық құрылымы қайта құрыла бастады.

Бұл жолда тау-кен өнеркәсібінде зор табыстарға қол жетті . Қазір пайдалы қазбалардың көптеген түрлерін өндіру жөнінен Африка шетелдік дүниеде маңызды,кейде ерекше орын алады .Өндірілетін отын мен шикізаттың негізгі бөлігі дүние жүзілік рынокқа шығаралатындықтан , нақ өндіруші өнеркәсіп ең алдымен Африканың халықаралық географиялық еңбек бөлінісіндегі орнын айқындаиды.

Африканың дүниежүзілік шаруашылығы орнын айқындайтын эканомиканың екінші саласы тропиктік және субтропиктік егіншілік.Оның да айқын байқалатын экспорттық бағыты бар. Бірақ, тұтас алғанда,Африка өзінің дамуында өте артта қалып келеді.Ол индустрияландыру деңгеиі ,ауылшаруашылық дақылдарының түсімі жөніне ндүние жүзі аймақтарының ішінде соңғы орын алады.Елдердің көпшілігінде әлі күнге дейін ишаруашылықтың салалық құрылымының орталық түрі сақталуда .Оның айырым белгілері: 1)аз тауарлы,өнімділігі төмен ауыл шаруашылығының басым болуы , 2)өндеуші өнеркәсіптің нашар дамуы, 3)көліктің өте артта қалуы , 4) өндірістік емес саланың негізінен саудамен ж/е қызмет көрсетумен шектелуі.Шаруашылықтың территориялық құрлымына өткен отарлық дәуірден сақталған жалпы артта қалушылық пен сәйкессіз тән.

Аймақтың экономикалық картасынан өнеркәсіп пен жоғары тауарлы ауыл шаруашылығының жекленген ошақтары ғана көзге түсті.Африканы ірі аймақтарға бөлу: басты ірі екі аймақ. Африканы экономикалық аудандастыру әлі қалыптасқан жоқ. Оқу және ғылыми әдебиеттерде оны әдетте табиғи және мәдени-тарихи екі ірі аймақ бөледі. Олар: Солтүстік Африка және Троиктік Африка .Ал Тропиктік Африканың құрамына Батыс,Орталық ,Шығыс ,Оңтүстік Африканы бөледі.

Солтүстік Африканың жалпы жер көлемі -10млн .км2 шамасында , халқы-150млн. Ірі аймақтың жағдайы ең алдымен оның Жерорта теңізіне «қарап тұруына» байланысты , өйткені осының арқасында Солтүстік Африка іс жүзінде Оңтүстік Африка Азиямен көрші болып, Еуропадан Азияғабаратын басты теңіз жолына шыға алады. Аймақтың ішкі жағын Сахараның адам сирек қоныстанған кеңістігін алып жатыр.Солтүстік Африканың шаруашылық өмірі теңіз маңайындағы алқапқа шоғырланған .Өндеуші өнеркәсіптің басты орталықтар, субтропиктік егіншіліктің басты аудандары осында орналасқан . Сондықтан аймақтың бүкіл халқының осы алқапқа шоғырланғандығы да түсінікті. Ауылдық жерлерде төбесі жайпақ және едені топрақ саз балшықты үйірлер басым.Қалалардың келбеті тек осы аймаққа тән болады.Сондықтан географтар мен этнографтар қаланың араб үлгісінде болып келетіндігін ерекше айтады.Олар басқа да шығыс қалалары секілді , екі-ескі және жаңа қалаға бөлінеді. Тропиктік Африканың жалпы жер көлемі -20млн. км2 астам , халқы-500млн. адам . Ірі аймақтың халқы көбнесе экваторлық нәсілге жататындықтан , Тропиктік Африканы «қара Африка» деп атайды.Бірақ этникалыққұрамы жөнінен Тропиктік Африканың жеке бөліктерінің бір-біріне күшті айырмашылықтары бар. Тропитік Африка елдерінің шаруашылығы мен орналасуында да көптеген ұқсастықтар бар . Тропиктік Африка-бүкіл дамушы дүниенің ең артта қалған бөлігі , оның шегінде нашар дамыған 29 ел орналасқан .Қазір бұл ауыл шаруашылығы материалдық өндірістің негізгі саласы болып қалып отырған дүние жүзіндегі бір-бірден ірі аймақ.

ОАР-қосарлы экономика елі . Африканың Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан елдері арасында ОАР ерекше орын алады. Біріншіден, географиялық орны жөнінен ол Тропиктік Африкаға жатады. Екіншіден, ол дамушы ел емес, бұл континенттегі дамыған бірден бір ел екенін білесіндер. Ол экономикалық дамудың барлық көрсеткіштері бойынша Африкада бірінші орын алады. ОАР-да Африкадағы ең ірі өнеркәсіпті Витватерсранд ауданы қалыптасқан, оны кейде «Африка Руры» деп атайды. Оның орталығы – Йоханнесбург осы заманғы үлкен қала, елдің «экономикалық астанасы». Бірақ ОАР-дың барлық аудандары бірдей жоғары дәрежеде дамыған.Бұл ел халқының не бәрі 12 %-ін құрайтын азщылық ақ ұлттар ұзақ уақыт бойы апартеид саясатын жүргізді. Оңтүстік Африка Республикасын қосарлы экономика елі деп атауға болады. Оған экономикасы дамуған елдердің де, дамушы елдердің де белгілері тән.Басты қорытынды:табиғи және адам қуатының аса молдығына қарамастан, Африка дүниежүзілік шаруашылықтың неғұрлым артта қалған бөлігі болып отыр. Сондықтан қазіргі кезеңнің басты міндеті күрделі демографиялық, азық-түлік және экологиялық проблемаларды шешуге жәрдемдесетін әлеументік-экономикалық өзгерістерді жеделдетуде болып табылады.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
3.Ахметов Е.Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет.  Экземпляры: всего:1
4. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с  Экземпляры: всего:1
5. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземпляры: всего:1
6.Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с  Экземпляры: всего:
7. География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География)  Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика )  Экземпляры: всего:1
5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные   Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический  словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Африка елдерінің дамыған мемлекеттері.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

**№ 13 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Солтүстік Америка елдері.

Сағат саны:135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:** АҚШ пен Канаданың халқы, территориясы, жайлы түсінік беру. Табиғат ресурстары, өнеркәсібі, ауыл шаруашалығына сипаттама беру.

**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.

**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі-** 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын  тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша  білімін тексеру.**30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау

**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин

**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**

Құрлықтың беткі құрылысы әр түрлі: бат-н Кордильера тау жүйесі, шығ-н кең алқапты жазықтар мен орташа биіктіктегі таулар алып жатыр. Батыс бөлігінің орташа биікт. 1700 м, шығысында 200 – 300 м, құрлық бойынша 720 м. С. А-ның ең биік жері – Мак-Кинли шыңы (6193 м), теңіз деңгейінен ең төмен орналасқан жері – Ажал аңғары (–85 м). Солт. және солт.-шығысында Лаврентий қыраты (300 – 600 м), оңт-ке қарай Орталық жазық (200 – 500 м) орналасқан. Бат-ндағы Ұлы жазық (500 – 1500 м) солт-ндегі Макензи ойпатына жалғасады. Орт. жазық шығ-нда Аппалач тауларына тіреледі. Кордильера тау жүйесі солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай созыла орналасқан бірнеше доға тәрізді тау жоталарынан тұрады. Шығыс доға Брукс, Макензи, Элберт және Шығыс Сьерра-Мадре тау жоталарын біріктіреді. Бұл жоталар батысқа қарай Жағалық жоталар, Юкон, Колумбия, Колорадо, Үлкен Алап, т.б. үстірттер мен оңт-ндегі Мексика таулы қыратына ұласады. Бір-бірінен тау жоталары мен қазаншұңқырлар арқылы бөлінген.Құрлықтың геологиясы  негізі – Солт. Америка платформасы. Бұл ең көне құрылым каледондық (құрлықтың солт.-шығысы, Гренландия, Ньюфаундленд аралдары, Солт. Аппалач), герциндік (Оңт. Аппалач, Уошито жотасы, Канаданың Арктик. топаралы), мезо-кайнозойлық (Кордильера) құрылымдармен қоршалған. Атлант мұхиты мен Мексика шығанағы жағалауларындағы мезо-кайнозойдың қалың шөгінділерімен жабылған ойпаттар осы платформалардың плиталары болады. Плейстоценде бүкіл Солт. Американың солт. бөлігін Тынық мұхитынан Атлант мұхитына дейінгі 14 млн. км2 жерді мұздықтар басты. Платформаның мейлінше тұрақты бөлігі – Канада қалқаны (7 млн. км2) кембрийге дейінгі кристалды тау жыныстарынан (гранит, гнейс) тұрады. Платформаның шөгінді беткі қабаты палеозой, мезозой және кайнозойдың континенттік жыныстарымен жабылған. Қргетас аум-нда бірнеше антеклизалар мен синеклизалар бар. Кен байлықтары. Кен байлықтарының негізгі бөлігі Канада қалқаны мен Кордильера тау жүйесінде шоғырланған. Жоғ. көл мен Лабрадорда ірі темір кендері, платформаның шөгінді жыныстарында мұнай мен газдың, тас көмірдің мол кендері бар. Кордильерада алтын,

күміс, мырыш, қорғасын, молибден, вольфрам, Колорадо үстіртінде уран, Аппалач тауларында тас көмір мен темір кентасы, Сеңгір таулардың палеозой шөгінділерінде фосфорит, төм. мезозойда уран кендері бар. Мексика шығанағы жағалауында, Калифорнияда, Оңт. Аляскада, Ұлы жазықтың солт-нде мұнай мен газдың ірі кен орындары шоғырланған.Солтүстік Америка қиыр солтүстікте арктикалық белдеу мен оңтүстігінде субэкваторлық белдеулер аралығында орналасқан. Батыс және шығыс жағалауының климаты мұхиттық, ішкі аудандарында – континенттік. Арктик. климаттық белдеуге Солт. Мұзды мұхит суымен қоршалған аймақ кіреді; бұл өңірдің климаты қатаң, жауын-шашынды. Субарктик. климаттық белдеудің батыс бөлігінің жауын-шашыны мол, қысы жылы, жазы салқын. Қоңыржай климаттық белдеу (40° с.е-тен солт-ке) жұмсақ, өте ылғалды (бат-нда), қоңыржай континентті (шығ-нда). Субтропиктік климаттық белдеу жұмсақ жерортатеңіздік типке жатады. Калифорния түбегі мен Мексика таулы қыратының орт. бөлігі тропиктік климаттық белдеуде жатыр. Субэкваторлық климаттық белдеуге жататын Орт. Американың оңт. бөлігінің климаты тұрақты ыстық, жазы ылғалды, қысы құрғақ келеді. Қаңтардың жылдық орташа темп-расы –36°С-тан (солт-нде) 20°С-қа дейін (оңт.) артады. Ең төм. темп-ра – 64°С (Аляска мен Канаданың солт.-батысында) және – 70°С (Гренландияда) байқалды. Шілденің жылдық орташа темп-расы – 4°С-тан (солт.) 32°С-қа дейін (оңт.). Ең жоғ. темп-ра – 56,7°С Ажал аңғарында (Батыс жарты шардағы ең жоғ. көрсеткіш) байқалды. Жылдық жауын-шашын мөлш. Аляска мен Канаданың батыс жағалауы мен АҚШ-тың солт.-батысында 2000 – 3000 мм, құрлықтың оңт.-шығысында 1000 – 1500 мм, Орт-ндағы жазықтарда 400 – 1200 мм, ішкі үстірттерде 100 мм, Калифорния түбегінде 100 – 150 мм-ден аспайды.Солтүстік Америка жер беті ағын суларына бай. Мұнда дүние жүзіндегі ең ұзын өзен жүйесі (Миссисипи және Миссури) мен тұщы судың көп шоғырланған аймағы (Ұлы көлдер) орналасқан. Өзендердің орташа жылдық ағын мөлш. 8200 км3. Құрлықта өзен торы біркелкі таралмаған. Өзендердің көпшілігі (Миссисипи, Рио-Гранде, Әулие Лаврентий, т.б.) Атлант мұхиты алабына жатады. Тынық мұхиты алабындағы өзендер (Юкон, Колумбия, Колорадо, т.б.) қысқа, суы мол болып келеді. Солт. Мұзды мұхит алабындағы өзен торлары толық жетілмеген, көлдер мен батпақтар көп. Қрі өзен жүйесі – Финли – Пис-Ривер – Еріксіздер – Макензи. Құрлықтың мұз басқан солт. бөлігі мұздық-тектоник. көлдерге бай: Ұлы көлдер, Виннипег, Виннипегосис, Манитоба, Үлкен Еріксіздер көлі, Үлкен Аюлы көлі, Бұғылы көлі, т.б. орт. Америкада (Никарагуа қолатында) ірі тектоник. көлдер – Никарагуа және Манагуаорналасқан. Үлкен Алап үстіртінде ылғалды плейстоцен дәуірінен қалған Үлкен Тұзды көл бар. Жағалық ойпаттарда лагуналық, Кордильерада жанартаулық көлдер кездеседі.

**Өзендер:** Миссисипи, Миссури, Макензи, Колумбия, Саскачеван, Юкон,Колорадо

**Көлдер:** Мичиган,Виннипег,Виннипег,Манитоба,Үлкен Еріксіздер көлі, Үлкен Аюлы көлі,Бұғылы көлі**.**Топырағы:Арктик. және тропиктік белдеулер аралығындағы топырақтың барлық түрі кездеседі. Канаданың Арктик. топаралына тундралы арктик. және тундралы-глейлі топырақ тән. Алясканың бат., Алеут аралдарының жанартаулық күлдерін шымтезекті субполюстік топырақ жапқан. Лабрадор түбегінің оңт-нде иллювийлік – темірлі-шірінділі күлгін топырақ, Лаврентий қыратының оңт.-батысында және Ұлы жазықтың солт-нде шымды-күлгін топырақ таралған. Қоңыржай белдеудің оңт. мен субтропикте біркелкі топырақ субмеридиандық бағытта немесе жинақталған массивтер түрінде таралған. Ұлы көлдер мен Солт. Аппалач аудандарында орманның қоңыр топырағы таралған. Орт. жазықтың солт.-батысында прерияның қара топырақ тәрізді қышқылы аз, шіріндісі мол топырағы Ұлы жазықтар шекарасында қара топырақпен алмасады. Ұлы жазықтар мен Колумбия үстіртінде қызыл қоңыр топырақ кең өңірді алып

жатыр. Үлкен Алап аймағында сортаңмен араласқан шөлейттің сұр топырағы, құрлықтың ылғалды оңт.-шығыс бөлігіндегі теңіздің сазды және құмдақты тұнбалары үстінде құнарлы қызыл және сары топырақ басым келеді. Миссисипидің бат-нда субтропиктік прерияның қызғылт қара, бұталы даланың сұр топырағы, Мексика таулы қыратында сұр, субтропиктік шөл, Калифорния түбегінде тропиктік шөл топырақтары таралған. Кордильера беткейлеріне әр түрлі тау топырағы, ылғалды бөлігін таудың сұр топырағы, құрғақ өңірін таудың қоңыр топырағы алып жатыр.Өсімдігі оңтүстікке қарай субтропиктік ормандарға ұласады: шығ-нда мәңгі жасыл аралас орман және бат-нда мәңгі жасыл қылқан жапырақты орман таралған. Ұлы көл ауданы мен Солт. Аппалач өңірінде аралас орман (сары қайың, қант үйеңкісі, шамшат, жөке, ақ және қызыл қарағай) өседі. Жалпақ жапырақты орман Аппалачтың оңт. мен Ұлы жазықтың шығыс бөлігін қамтиды. Мұнда еменнің америкалық түрлері, шамшат, ақ үйеңкі, жөке, шынар, қызғалдақ ағашы өседі. Тау беткейлерінде орманды алқап (800 – 2000 м) тау-тайгалық самырсынды-шыршалы орманға, жоғарыда субальпі және альпі шалғындарына ұласады. Құрлықтың орт. аудандарын орманды дала, дала, шөл және шөлейт алып жатыр. Орманды дала белдемі Кордильераның шығ-нда Ұлы жазықтың Канадалық бөлігі мен Орталық жазықтың бат-нда жатыр; биік шөптесін өсімдіктерден тұратын шалғынды дала мен емен ағашынан тұратын сирек орман кезектесе орналасқан. Дала белдемі Ұлы жазық, Колумбия үстірті және Калифорния аңғарын қамтиды. АҚШ-тың Ұлы жазығы боз шалғын және бидайықты даладан, қалған бөлігі бизон шөбі, селеу, т.б. астық тұқымдас аласа шөпті құрғақ даладан тұрады. Шөлейттер мен шөлдер Үлкен Алапты, Колорадо үстіртінің шығыс бөлігін және Мексика шығанағының солт.-батысын (субтропиктік шөлдер) алып жатыр. Астық тұқымдас жусанды өсімдіктермен қатар с°С. А-ның басым бөлігі Голарктик., оңт. бөлігі Неотропиктік флоралық әлемге жатады. Канаданың Арктик. топаралының солт. мен Гренландияда мүк пен қынадан тұратын арктик. шөл, арктик. тундра басым; топаралдың оңт-н тундра белдемі алып жатыр. Лабрадордан Макензи тауына дейін ені 100 – 200 км өңірмен орманды тундра табиғат белдемі өтеді. Бат-нда орманды тундра мұхит жағалауының шалғынымен алмасады. Орман белдемі құрлық аум-ның 1/3-ін қамтиды. Қоңыржай белдеудің орманы: тайга, Тынық мұхит жағалауының қылқан жапырақты орманы, аралас және жалпақ жапырақты орман болып бөлінеді. Тайга негізінен қара және ақ шырша, америка балқарағайы, бальзамды майқарағайдан тұрады. Кордильера тауларының Тынық мұхит жағалауындағы ормандарда негізінен биік ағаштар: ситхин шыршасы, дуглас майқарағайы, батыс туясы және қарағайдың бірнеше түрлері өседі. Қылқан жапырақты орман 40уккуленттер (ағаш тәрізді кактус, алоэ, юкка, т.б.) басым өседі. Мексика таулы қыраты мен Флориданың оңт-нде, Орт. Америка және Вест-Индияны тропиктік ормандар алып жатыр. Лиана шырмалып өскен алып ағаштар мен бамбуктен тұратын ылғалды мәңгі жасыл ормандар емен, жөке, магнолия, т.б. жапырағын түсіретін ағаштардан тұратын ауыспалы ылғалды орманға өтеді. Тау жоталарының жел жақ беткейлерінде тропиктік саванна, жағалық ауданда мангр орманы өседі.Тундра белдемінде солт. бұғысы (карибу), ақ аю, ақ түлкі, лемминг, ақ қоян, ақ жапалақ, ақ құр, т.б. тіршілік етеді. Канаданың Арктик. топаралы мен Гренландияда күдірқодас кездеседі. Тайганы бұлан, вапити бұғысы, америка сусары, қоңыр аю, канада сілеусіні, құндыз, қызыл тиін, т.б. мекендейді. Аралас және жалпақ жапырақты ормандағы виргин бұғысы, сұр түлкі, қызыл сілеусін, сұр тиін, көртышқан; құстардан құладын, жабайы күрке тауық жойылуға жақын. Орманды дала мен дала жануарларынан бизон, айырмүйізді бөкен, мазам бұғысы, койот, прерия түлкісі тек қорықтарда ғана сақталған. Субтропикте аллигатор, кайман тасбақасы, қоқиқаз, бірқазан, каролина тотықұсы мекендейді. Кордильерада қар қойы, гризли аюы, қар ешкісі; шөлді-далалы таулы үстірттерде

бауырымен жорғалаушылардың көптеген түрлері – улы жыландар мен кесірткелер бар. Орт. Америкада, Вест-Индияда, Мексика таулы қыратында тропиктік жануарлармен бірге оңт. американдық сауыттылар, маймылдар, жарқанаттар, колибри, тотықұс, тасбақа, қолтырауын, кесірткелер тіршілік етеді. С. А-да 100-ге жуық ұлттық саябақтар мен қорықтар (Канадада 24, АҚШ-та 50, Мексикада 12, қалғаны Вест-Индияда) құрылған. Ірілері: Йеллоустон, Үлкен Каньон,Йосемит, Банф, Джаспер, Секвойя, Эверглейдс.

**Географиялық зерттелу тарихы**

Европалықтар Америкаға келмей тұрып мұнда әр түрлі даму сатысындағы жергілікті үндіс халықтары мекендеген. Халықтың негізгі бөлігі Оңт. Мексиканың таулы аймақтарындағы мәдениеті, қолөнері жоғары деңгейде дамыған өркениетті Майя, Ацтек мемлекеттеріне шоғырланған. Олар аңшылық, балықшылық және егіншілікпен (жүгері, бұршақ, картоп, мақта, қызамық, күнбағыс, асқабақ, темекі) айналысқан. Біршама халықтар тобы (майя, ацтек, кечуо, аймаро, т.б.) этник. аумағын, мәдениетін сақтап қалды. Үндістердің ұсақ тайпалары кейіннен С. А.-ның орманды белдеміне ығыстырылған. Құрлықтың солт. жағалауы мен Гренландияда эскимостар мекендейді. Орта ғасырлардаГренландияға қоныстана бастаған нормандар 11 – 13 ғ-да Ньюфаундленд аралын, Лабрадор түбегін және Баффин т-н ашты. 1492 – 1503 ж. Х.Колумб Багам, Куба, Гаити, Кіші Антиль, Пуэрто-Рико, Ямайка аралдарын, Кариб т-нің батыс жағалауын, Панама мойнағын ашқан. 1497 – 98 ж. Дж. және С. Кабот С. А-ның шығыс жағалауын зерттеді. 1504 ж. француз теңізшілері Әулие Лаврентий шығанағын, 1513 ж. испандық В.Нуньес де Балбоа Панама шығанағы, 1519 – 24 ж. Э.Кортес Мексика таулы қыраты арқылы Тынық мұхитқа шықты. 1648 ж. орыс саяхатшылары Ф.Попов пен С.Дежнев Чукча т-нен Тынық мұхитқа өтіп, С. А-ның Азиядан тар бұғаз арқылы (Беринг бұғазы) бөлінетіндігін дәлелдеді. 1778 ж. ағылшын Д.Кук С. А-ның батыс жағалауымен жоғары ендікке дейін зерттеу жұмыстарын жүргізді. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басында Дж. Поуэлл, Дж. Доусон, А.Брукс, т.б. америка және канада геологтары Сеңгір тауларды, Лаврентий таулы үстіртін, Аляска жотасын (С. А-ның биік нүктесі Мак-Кинли шыңымен) ашуды толық аяқтады.

**Солтүстік Американың егеменді елдері**

Антигуа и Барбуда, Багамы, Барбадос, Белиз, Гаити, Гватемала, Гондурас, Гренада, Доминика, Доминикан Республикасы, Канада, Коста-Рика, Куба, Мексика, Никарагуа, Панама, Сальвадор, Сент-Люсия, Сент-Винсент и Гренадины,Сент-Китс и Невис,Америка Құрама Штаттары,Тринидад и Тобаго,Ямайка

Солтүстік Американың үлкен қалалары: Нью-Йорк, Лос-Анджелес, Чикаго, Даллас, Филадельфия, Хьюстон, Вашингтон, Майами, Мехико, Торонто

**Солтүстік Америка** — Батыс жарты шары мен Солтүстік жарты шарының қиылысындағы континент. Солтүстік Америка батысында Тынық мұхитымен, шығысындаАтлант мұхитымен, солтүстігінде Солтүстік Мұзды мұхитымен шайылады. БатысындаЕуразия құрлығынан Беринг бұғазы айырып тұр, оңтүстікте Оңтүстік Америкадан Панама аңғары айырып тұр. Солтүстік Америка құрамына көптеген ірі Гренландия, Канадалық Арктикалық топарал, Ванкувер аралы мен Алеут аралдары кіреді.

**Ванкувер аралы** — Тынық мұхитта, Солтүстік Американың батыс жағалауларындағы ең ірі арал. Құрлықтан бұғаз, шығанақтармен бөлінген. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 500 км-ге созылған, ені 65 — 70 км. Аумағы - 32,2 мың км2. Арал түгелге жуық биікт. 2200 м-ге дейінгі тау жотасынан тұрады. Батыс жағалауы фьордты, шығысы жазық келеді. Жер бедерінің қалыптасуында мұздық пішіндердің басымдығы байқалады. Климаты қоңыржай теңіздік. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлш. 2000

мм-дей. Аралда түгелдей қылқан жапырақты орман өседі. Балықшаруашылығыдамыған. Басты қаласы әрі порты — Виктория. Ағылшынзерттеушісі Джордж Ванкувердің есімімен аталған.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет.  Экземпляры: всего:1

**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с  Экземпляры: всего:1

**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : или. Экземпляры: всего:1

**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с  Экземпляры: всего:9

**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География)  Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002

2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.

3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.

4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика )  Экземпляры: всего:1

5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20

6. Современные   Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический  словарь. М. Политиздат

7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.

8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы:

Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.
**Бақылау сұрақтары:**
1.АҚШ мемлекетінің халқы, урбандалуы.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.
**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

**№ 14 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Латын Америка елдері.
Сағат саны:135 мин
**5.2. Сабақтың мақсаты:** Латын Америкасы елдерінің басқару түрі, территориясы, халқы, ірі агломерациялары, табиғи байлықтары т.б туралы мәліметтер беру.
**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.
**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.
**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.
**Ұйымдастыру кезеңі**- 10 мин
а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин
а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау
**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин
**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**
Америка-Батыс жарты шардағы екі құрлықтан тұратын дүние бөлігі. Атлант және Тынық мұхиттары аралығында жалпы аудан 42,5 млн км², Халқы 479 млн (1967) жылы. Оның құрамына Солтүстік Америка мен Оңтүстік Америка құрлықтары, дүние жүзіндегі аса ірі арал- Греландия т.б жағалауға жақын аралдар кіреді. Солтүстік Америка мен Оңтүстік Американың бір-бірінен бөлек және дербес құрлықтар деп санауға негіз болады. Олар бір-бірінен Панама мойнағы аралығы және Вент-Индия аралдары Орталық Америкаға жатады.Солтүстік Американың солтүстік-шығыс жағалауын мен Гренландия аралын алғаш рет 900 жылы шамасында нормандар ашты. Антиль аралын және Оңтүстік Американың солтүстік жағалауының бір бөлігін, Солтүстік Американың Кариб теңізі жағалауының оңтүстік бөлігін 1492-1503 жылы Христофор Колумб ашты (бұл жерлер Америка жағалауларына Христофор Колумбтың экспедициясы келуінен көп бұрын да белгілі еді деген жарамалдары бар). Бұл дүниенің жаңа бөлігі И талия теңізшісі Америго

Веспуччидің есімімен аталды. Ол Батыс жарты шардағы Х.Колумбтың ашқан жерлері бұрын белгісіз болып келген дүниенің жаңа бөлігі екендігі туралы алғаш пікір айтты. Х.Колумб ашқанға дейін Американың байырғы халқы көптеген үлдіс тайпалары мен эскимостардан (Американың солтүстігінде) ғана тұратын. Европалықтар келіп үстемдік жүргізгенде, жергілікті халықты адам төзгісіз қуғындау, қанау тәртібін орнатты. Отаршылармен бірге неше түрлі аурулар да келді одан үндістер көп қырғынға ұшырап, күрт азайды, кейбір тайпалар мүлдем құрып та кетті. Олардың орнына Африкадан құлдар әкелінді. Американың қазіргі халқы бұрынғы европалықтардың ұрпақтарынан және құл ретінде әкелінген африкалықтар мен жергілікті үндістердің араласуынан пайда болған. Американың халқы антропологиялық жағынан әр түрлі. Онда адамзаттық белгілі үш нәсілінің өкілдері (европеоид) араласып кеткен. Американың әр бөлігінде бұлардың араласу сипаты әр түрлі. Саны жағынан ең көбі европеоид, оның өкілдері Солтүстік Америка халқының 90% -і Оңтүстік Американың 1/3 бөлігі. Екінші орында будандар (үндінстер мен евролпалық араласуынан шыққан). Олар бірқатар елдердің (Мексика, Орталық Америкадағы елдер, Венесуэлла, Парагвай т.б) негізгі халықтары. Үшінші орында-муматтар (европалықтар мен африкалықтардың араласуынан шыққан. Венесуэлланың, Бразилияның, АҚШ-тың, Кубаның Орталық Америкадағы бірқатар елдердің халықтары солар. Монголоид нәсілінің ерекше бір тармағына жататын байырғы халық-үндістер Орталық және Оңтүстік Американың Бір қатар аудандарында (Боливия, Венесуэла, Колумбия, Экуадор, Перу, Бразилия, Мексика т.б) сақталған. АҚШ-та, Канада да т.б кейбір елдерде үндістер арнаулы резервацияларға қуылған. Америка Халқының басым көпшілігі индоевропа семьясы тілдерінде сөйлейді. Солтүстік Америкада ағылшын тілі, Мексикада, Оңтүстік Америка мен Орталық Американың бір қатар елдерінде испан тілі, Бразилияда португал тілі басым. Канада да мемлекет екі тілдің бірі француз тілі, Гаити мен Вест-Индияның ұсақ аралдарында да солай Үндістер-кечуа, аймара, аңтек т.б өз тілдерін белгілі бір шамада сақтап қалған, ал Африка халықтарының тілдері олардың этникалық топтарының біреуінде де сақталмаған. Бүкіл Латын Америкасында католик діні басым. Тек жолы өте қиын аудандарда тұратын, европалықтар мен араласпаған азғана үндіс тайпалары өздерінің тайпалық діндерін сақтап қалып отыр. Америкадағы ұлттардың сол жағынан көбі американдар, ағылшын-канадалықтар, мексикандар, бразилиялықтар, колумбиялықтар, аргентиндер, кубалық т.б. Америкада 50 мемлекет бар, оның 26-сы тәуелсіздік алған мемлекеттер, 24-і отарлар. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Американың саяси картасында біраз өзгерістер болды. Халықтың революцияның жеңуі нәтижесінде Америкада тұңғыш соң мемлекет-Куба пайда болды. Америкада саяси суверенді жаңа мемлекеттер-Ямайка, Тринидад, Тобиго, Барбадас құрылды.1953 жылы 26 сентябрь Мадридте қол қойылған келісімдер. 10 жылдық мерзімге жасамды, егер екі жақ келімді бұзғысы келетінің күші бұрын мәлімдемесе, жағы да екі мерзімге (әрқайсысы 5 жылдан) ұзартылады. Қорғаныс туралы келісім бойынша АҚШ «Испанияда соғыс оғродромандары сен соғыс-теңіз базаларын кеңейтуге, салуға және пайдалануға», сондай-ақ «құпия құрылыстар» тұрғызуға право алды; Испанияға американ соғыс материалдарын беру де көзделді. Солтүстік Американың оңтүстік бөлігіндегі жерлерде, Вест-Индияда және Оңтүстік Америкада орналасқан елдер тобын Латын Америкасы деп атайды. Латын

Америкасында еуропалық қоныстанушылардың ұрпақтары, метистер, мулаттар, үнділер, африкандықтар тұрады. 18 елде ресми тілі-испан тілі. Соғыс басталған кезде Латын Америкасы елдердің басым бөлігі бейтараптылық ұстады. АҚШ соғысқа кірiскеннен кейін Л атын Америкасының 8 елі (Бразилия, Гаити, Гондурас, Гватемала, Коста-Рика, Никаранда, Панома) Германияға соғыс жариялады. Латын Америкасы елдері соғысушы жақтарға соғыс өнеркәсібіне қажетті шикізат пен азық-түлік сатып, бір талай қаржы қорын жинады. Еуропаның дамыған елдерінің соғысқа қатысуы олардың Латын Америкасына дайын өнеркәсіптік тауарлар шығаруын шектеді, соның нәтижесінде бұл аймақта ұлттық өнеркәсіптің дамуына мүмкіндік туды. Өндеуші, соның ішінде жеңіл өнеркәсіп орындары көбейді. Соғысқа дейінгі кезенде Латын Америкасының экономикасындағы шетелдік капиталдың 80%-і Ұлыбританияның үлесіне тән. Ал соғыс жылдарында АҚШ капиталының үлесі көбейді. Американ капиталының басым бөлігі Мексикада, Кубада және Орталық Америка елдерінде орналыстырылады.

Соғыстан кейінгі кезендегі Латын Американың елдерінің қоғамдық өміріне тән сипат әлеуметтік қақтығыстардың өсуі болды. 1918-1919 жж. Бразилияда, Аргентинада, Кубада, Перуде, Чилиде жұмысшы және шаруа қозғалысы өрледі. Латын Америкасының бірқатар елдерінде комунистік партиялар пайда болды, алайда олар саяси өмірінде елеулі рөл атқарған жоқ. Комунистердің пролетариат диктатурасын орнату арқылы ұран көтеруі және Коминтернге кіруі өкіметінің наразылығын тудырады.

Латын Америкасының бірқатар елдерінде студенттер қозғалысы күшейді. 1918 жылы Кордова (Аргентина) университетінің студенттері манифест шығарып, онда университеттерге автомания беру, студенттік өзін-өзі басқару жүйесін енгізу, оқу бағдарламаларын жаңарту туралы талаптар қойды. Студенттер қозғалысы нәтижесінде Латын Америкасында 250-жылдарда университеттік реформалар жүргізілді.

Латын Америкасы елдерінің саяси дамуында әр түрлі бағыттар орын алды. Кубада 1925 жылы Х.Мачадонның, Чилиде 1927 жылы К.Ибаньестің диктатурасына орнады. Олар Италия тәжірибесіне сүйініп, корпоративтік мемлекет құруға тырысты. 1909-1935 жж. Венесуэлада дектаторлық тәртіп болды. Аргентина мен Уругвайда либералдық-демократиялық билік қалыптасты. Бұл елдерде кейбір өнеркәсіп орындары, мұндай көздері национализацияланып, мемлекеттік сектор құрылды. Бірқатар әлеуметтік реформалар жүргізілді: 8 сағаттық жұмыс күні енгізілді, жалақы көбейтілді, зейнет ақы төлеу жзүйесі қалыптаса бастады.

1929-1933 жж дүниежүзілік экономикалық дағдарыс салдарынан дамыған елдердің өнеркәсібінің қысқаруы Латын Америкасының шикізаты мен азық-түлігіне сұранысты мүлде азайтып жібереді. Экспорттан түсетін қаржының азаюы көптеген кәсіпорындардың күйреуіне, жұмыссыздықтың өсуіне, халықтың тұрмыс дәрежесінің төмендеуіне әкелді. Дағдарыстан шығу үшін билеуші топтар экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесін енгізді.

Экономикалық дағдарыс саяси өмірге де әсер етті. 1930 жылы Аргентинада әскери төңкеріс болды. 1932 жылы Сальвадорда коммунистік партияның жетекші Фарабундо Марти басқарған көтеріліс болды, оны үкімет күшпен басып тастады. Никарагуада американдардың үстемдігіне қарсы қозғалыс күшейді, оны А.С.Сандино тұтқындалып, өлтірілді. Екі жылдан соң Никарагуада Сомоса диктатурасы орнады.

Кубада 1933 жылы Мачадо диктатурасы құлатылып, демократиялық үкімет құрылды. Жаңа үкімет демократиялық бостандықтары қалпына келтіріп, бірқатар әлеуметтік реформалар жүргізілді. Алайда 1934 жылғы төңкеріс нәтижесінде елде Ф.Батистаның диктатурасы орнады.

30-жылдардың ортасында Бразилияда, Аргентинада, Чилиде Халықтық майдан құру мақсатындағы қозғалыс кең орын алды. Мексикада 1934 жылғы сайлауда Ұлттық-революциялық партияның солшыл қанатының жетекшісі Л.Карденас президент болған жылдарда аграрлық реформа жүргізілді, 1 миллион шаруа жер алды. Ұлттық өнеркәсіпті дамыту үшін 1936 жылы парламент шетелдік компаниялардың меншігін нациолизациялау туралы заң қабылданды. Мұндай өндірісі тұтастай национализацияланып, мемлекеттің меншігіне көшірілді.

Соғыстың басталуына байланысты 1939 жылы қыркүйекте америкaн мемлекеттерінің сыртқы істер министрлерінің кеңесі шақырылды. Кеңесте бейтараптылық туралы мәлімдеме қабылданды. Алайда 1941 жылы 7 желтоқсанда АҚШ соғысқа кіріскен соң, Венесуэла, Мексика және Колумбия Германиямен және оның одақтастарымен дипломатиялық қатынастардың үзді. 1942 жылы-Мексика мен Бразилия, 1945 жылы көктемде-Венесуэла, Парагвай, Перу, Уругвай, Чили, Аргентина фашистік одақ елдеріне соғыс жариялады. 1945 жылы ақпанда Мехикода америкaн елдерінің сыртқы істер министрлерінің конферециясы шақырылды. Онда «Чапультепек мәлімдемесі» қабылданды. Бұл құжатта бейбітшілікті сақтау және адам құқығын қорғау ең басты міндет, бұл міндетті іске асыру үшін америкaн елдері соғыстан кейін де өзара көмектесу және ынтымақтастық қатынастарын жалғастыруға тиісті деген ой айтылды.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1

**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1

**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.Экземпляры: всего:1

**6.**Дүниежүзінің экономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9

**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту

құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика ) Экземпляры: всего:1
5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.
**Бақылау сұрақтары:**
1. Латын Америка елдерінің дамыған мемлекеттері.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.
**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

## № 15 сабақ

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Дүниежүзілік ғаламдық, экологиялық проблемалар.

Сағат саны:135 мин

**5.2. Сабақтың мақсаты:** Қазіргі адамзат алдындағы ғаламдық проблемалардың туындау себептері, оны шешу жолдары, оның әртүрлілігін мен аймақтардағы ерекшелігін көрсету.

**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.

**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі**- 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин
а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау
**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин
**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**

1. Ғаламдық промлемалар ұғымы.
2. Бейбітшілік пен қараусыздану, жаңа дүниежүзілік соғысқа жол бермеу проблемасы.
3. Экологиялық проблема.

1. Ғаламдық промлемалар ұғымы. ХХ ғасырдың онжылдығы дүние жүзі халықтары алдына көптеген шиеленскен және күрделі проблемаларды қойды. Олар ғаламдық проблемалар деген аттаққа ие болды.Бүкіл дүние жүзінің, бүкіл адамзатты қамтитын, оның кәзіргісі мен болашағына қаіп төндіретін және өзінің шешілуіне бірігіп күш жұмсауды, барлық мемлекеттер мен халықтардың біріккен әрекетін талап ететін проблемаларды ғаламдық проблемалар деп атйды.Ғаламдық проблемалар өзінің бір-бірімен әрекеттесуіне өзінше мынадай үшбұрыш құрайды: халқы – әлеуметтік және экономикалық даму – айналадағы орта.

2. Бейбітшілік пен қараусыздану, жаңа дүниежүзілік соғысқа жол бермеу проблемасы. Соғыс барлық тарихи дәуірлерде қоғамның дамуына әсер тигізіп отырады. Бірақ бұрын ешқашан да тұтас елдер мен континеттерді жойып жіберудің нақты мүмкіндігі болған емес. Ол мүкіндік ракета техникасына қоса, ядорлық қарудың жасалуына байланысты ХХ ғасырдың екінші жартысында туды. Бейбітшілік пен қараусыздану, дүниежүзілік жаңа соғысты болдырма, адамзаттың құрып кетпеуі және өзін-өзі сақтауы қазіргі заманның шын мәнісінде № 1 проблемасына айналуы, міне, сондықтан.Ол 80- жылдардың соңы мен 90- жылдардын басында ғана шын мәнінде шешіле басталды. «Қырғиқабақ соғыс» тоқтатылды. Ондаған жылдар бойы Шығыс пен Батысты бөліп келген «темір перде» жойылды. Қазір дүние жүзін ядорлық қарумен жою қауіпі іс жүзінде алынып тасталды. Алайда қырып-жоятын  қару-жарақтың аймақтық жанжалдарға ұласа отырып, тарала беруді дүние жүзіне бұрынғыдан да кобірек қауіп төндіруде.

3. Экологиялық проблема: «Жер біреу ғана!» Ноосфера (патасаттылық саласы) туралы ілімнің негізін қалаушы академик  В. И. Вернадский (1863-1945)  40- жылдарда-ақ адамдардың шаруашылық әректі географиялық ортаға табиғаттың өзінде өтіп жататын геологиялық процестерден кем әсер етпейді деп жазған болатын. Содан бері қоғам мен табиғаттың арасындағы «зат алмасу» әлденше есе өсті және ғаламдық көлемге жетті. Алайда табиғатты «жаулап ала» отырып, адамдар өздерінің тіршілік әрекетінің табиғи негіздерін айтарлықтай дәрежеде бұзды.Айналадағы орта жағдайы едәір нашарлады. Оны белгілі француз океанлогы Жак Ив Кусто былай сипаттады: «Бұрын табиғат адамды қорқытатын, енді адам табиғатты қорқытады». Кейбір елдер мен аудандарда экологиялық жағдайы оте қатты шиеленісіп, экологиялық дағдарыс деңгейіне жетті. Айналадағы ортаның ластануынан келетін әлеуметтік, эстетикалық және басқа шығындарды былай қойғанда, экономикалық шығынның өзі ғана жылына көптеген миллиярд доллармен есептеледі. Оның үстіне, Жер климатының бақылаусыз өзгеруі, стратосфераның озон қабатының бұзылуы секілді дүниежүзілік экологиялық қауіп туды. Сендер мүның адамдардың тек қазір ғана емес, болашақ ұрпақтарына төнген қауіп қалу проблемасына айналы, міне, сондықтан.Қазіргі уақытта барған сайын көптеген елдер оны шешу үшін өздерінің күш-жігерін біріктіре бастады. Ұзаққа созылатын экологиялық қауіпті жоюмен қатар, төтенше экологиялық жағдайларда көмек көрсетілуде. Осының бәрі БҰҰ – ның 70- жылдары ұсынған «Жер біреу ғана!» деген ұранын жүзеге асыруды көздейді.Дүниежүзілік қауымдастық мынадай жағдайды басшылыққа алады: экологиялық проблеманы шешудің

басты жолы – адамдардың өндірістік және өндірістік емес іс-әрекетін қалыпты экологиялық дамуды – айналадағы ортаны бүкіл адамзаттың және әрбір адамның мүддесіне сай өзгертуді қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыру.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
б) оқу орны: аудитория
Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1
**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1
**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.Экземпляры: всего:1
**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9
**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика ) Экземпляры: всего:1
5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20
6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы:

Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.
**Бақылау сұрақтары:**
1.Ғарышты игеру проблемалары.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.
**Үй тапсырмасы.** 5 мин.

**№ 18 сабақ**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: : Ғаламдық болжамдар, гипотезалар және жобалар.Тұрақты даму стратегиясының негізгі шарттары.
№ 2 Аралық бақылау.
Сағат саны:135 мин
**5.2. Сабақтың мақсаты:** Қазіргі адамзат алдындағы ғаламдық проблемалардың туындау себептері, оны шешу жолдары, оның әртүрлілігін мен аймақтардағы ерекшелігін көрсету.
**Білімділік:** білім,білік дағдыларын қалыптастыру.
**Тәрбиелік**:Оқушыларды өз елін сүюге тәрбиелеу.
**Дамыту:**оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.
**Ұйымдастыру кезеңі-** 10 мин
а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
**2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.**30 мин
а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) студенттердің білімін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау
**3.Жаңа сабақты түсіндіру:**45 мин
**5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.**
1. Теңіз және өзен көлігі
2. Теміржол көлігі
3. Автомобиль көлігі
4. Шетелдік Еуропаның территориясы, шекарасы,орны.
5. Шетелдік Еуропаның табиғат жағдайлары мен байлықтары.
6. Шетелдік Еуропаның ірі бөліктері, халқы
7. Азия елдерінің шаруашылығы. Оның алатын орны
8. Азия елдері өнеркәсібі. Оның басты салалары
9. Азия елдері ауыл шаруашылығы. Оның түрлері
10. Африка елдері дамуының аса маңызды орналасуының факторы.

11. Африканың дүние жүзіндегі орны. Солтүстік және тропиктік Африканың ірі аймақтарын салыстырайық.
12. Солтүстік Африка: территориясының бейнесі.
13. ОАР-қосарлы экономика елі.
14. Ғаламдық промлемалар ұғымы.
15.Бейбітшілік пен қараусыздану, жаңа дүниежүзілік соғысқа жол бермеу проблемасы.
16.Экологиялық проблема.
17. Ғарышты бейбіт мақсатта игеру, жаңа көкжиектер.
18. Ғаламдық жобалар және гипотезалар.
19. Тұрақты даму стратегиясы мен принціптері.
20. Халықаралық экологиялық ынтымақтастық қызметінің негізгі принціптері.

1. Демографиялық проблема – «ғасыр проблемаларының» бірі. Бұл проблеманың біріне-бірі қарама-қарсы екі бағыты бар
Біріншіден, бірқатар дамыған елдерде халықтың ұдайы өсуінің бұзылуына, оның тез қартаюына және санының әкеліп соғып отырған демографиялық дағдарыс алаңдатпай қоймайды. Демографтар мұндай процесті халық санының азаюы (депопуляция) деп атайды. Екіншіден, Азия, Африка және Латын америкасы елдерінің көпшілігінде халық санының тез өсуі бұдан да гөрі көбірек алаңдатады. Оның үстіне, жас адамдардың үлесі өте жоғары болып отырғанда, халықтың, демограф-ғалымдары 60-жылдары демографиялық жарылыстың шыңы артта қалды деп тұжырымдайды. Африканы қоспағанда, халықтың ұдайы өсуінің екінші түріне жататын барлық аймақтарда баланың туылуы мен халықтың өсуі біртіндеп кеми бастады.
2. Энергетикалық және шикізат проблемалары: себептері мен шеу жолдары.Бұл бәрінен бұрын адамзатты отынмен және шикізатпен сенімді түрде қамтамасыз ету проблемалары. Бұрын да қорлармен қамтамасыз етудің белгілі бір шиеленскен кездері болған. Бірақ әдетте бұл табиғат қорлары құрамы «жасақталмаған» аудандар мен елдерге қатысты болатын. Ғаламдық көлемде ол бірінші рет 70-жылдары туды деуге болады.Оның бірнеше себептері бар.Оларға мұнайдың,табиғи газ бен отын және шикізаттың кейбір басқа түрлерінің барланған қорының айтарлықтай шектеулілігі,өндірудің кен-геологиялық жағдайларының алшақтықтың артуы,өндіруді табиғат жағдайлары өте қатаң жаңадан игерілген аудандарға қарай жылжыту және т.с.с. жатады.Демек,қазіргі дәуірде, минералдық қорларды бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде тиімді пайдаланып ұдайы өндіру қажет.Бұл үшін ҒТР зор мүмкіндіктер береді. Пайдалы қазбаларды Жер қойнауынан неғұрлым толық алу, өндірістің энеогия мен материялды қажет етуін азайту, жаңа кен орындарын ашу және бұрын шама жетпеген кен орындарын игеру, сарқылмайтын энергетика қорларын айналымға қосу, атом және сутегі энергетикасы, МГД-генераторлар, отын элементтері және ең ақырында басқарылытын термоядролық синтез саласындағы прогресс секілді мәселелердің шешілуі де ҒТР-ға байланысты.
3.Азық-түлік проблемасы – Жер бетінде өсіп келе жатқан халықты азық-түлікпен қалай қамтамасыз ету керек?Ежелгі даналық сөзде:”Адам өмір сүру үшін тамақтанады, тамақтану үшін өмір сүрмейді” делінген. Оның қалыпты тіршілігі мен іс-әрекетіне қажетті тағам мөлшері жынысқа,жасқа,салмаққа,бойға,еңбектің сипаты мен жағдайларына,

территорияның климат ерекшеліктеріне байланысты. Ғалымдар тұтынылатын тағамның калориялық нормасы тәулігіне 2300-2600 ккал және 70-100 г белоктан кем болмауға тиіс деп санайды. Алайда қазіргі кезде БҰҰ-ның деректері бойынша адамзаттың 2/3-сі үнемі азық-түлік жетіспейтін елдерде тұрады. Сондықтан азық-түлік проблемасын ғаламдық проблема деп есептеу керек. Оны шешу үшін адамзат өсімдік шаруашылығының, мал шаруашылығының және балық аулаудың мүмкіндіктерін толығырақ пайдалануы тиіс. Мұнда ол екі жолмен жүре алады. Экстенсивті жол – ең алдымен егістік,жайылымдық жерлер мен балық кәсіпшілігі аумақтарын одан әрі ұлғайту.Бірақ бүкіл құнарлы және қолайлы орналасқанжерлер іс жүзінде осыған дейін игеріліп қойылғандықтан, бұл жол өте көп шығын жұмсауды қажет етеді. Интенсивті жол – ең алдымен жарамды жердің биоллогиялық  өнімділігін арттыру. Ол үшін биотехнологияның, түсімі жоғары жаңа сорттар химияландыру, сонымен бірге тарихи Месопотамиядан, Ежелгі Египеттен және Үндістаннан бастап бірнеше мың жылға баратын мелиорациялауды дамытудың шешуші маңызы бар.Жер жүзі халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін XX ғасырдың соңғы ширегінде ауылшаруашылық өндірісінің көлемін 2 есе, ал XXI ғасырдың ортасына қарай – 5 есе ұлғайту қажеттігін ғалымдар есептеп шығарған.Есептеулер мынаны көрсетіп отыр:егер дүние жүзінің бүкіл елін қазіргі көптеген дамыған елдердің ауыл шаруашылығында қол жеткен деңгейге теңестірсек, онда 10млрд. Және тіпті одан да көп халықтың азық- түлік жөніндегі қажеттерін толық қанағаттандыруға болар еді. Демек, адамзаттың азық-түлік проблемасын шешудегі басты жол  - интенсивті жол болып табылады. Ол қазірдің өзінде бүкіл егіншілік өнімдері өсімінің 9/10 бөлігін қамтамасыз етіп отыр.

4.Дүниежүзілік мұхитты пайдалану проблемасы: жаңа кезең.  Жер бетінің 71%-ін алып жатқан Дүниежүзілік мұхит елдер мен халықтардың қатынас жасауында маңызды рөл атқарып келді. Дегенмен XX ғасырдың ортасына дейін Мұхиттағы адамзат қызметінің барлық түрі дүнежүзілік кірістің 1-2%-ін ғана беріп отырды.Бірақ ҒТР-дың дамуына қарай Дүниежүзілік мұхитты жан-жақты зерттеу және игеру мүлдем басқаша ауқым алды.Біріншіден, ғаламдық энергетикалық және шикізат проблемаларының шиеленісуі теңізден кен өндіру және химия өнеркәсіптерінің,теңіз энергетикасының пайда болуна әсер етті. ҒТР-дың жетістіктері мұнай мен газ,темір-марганец конкрецияларын өндіруді ұлғайту, теңіз суынан сутегі изотобы – дейтерийді айырып алу, орасан зор толысу электр станцияларын салу теңіз суын тұщыландыру істерінде жаңа болашақ ашуда.

Екіншіден, ғаламдық азық-түлік проблемасының шиеленісуі Мұхиттың биологиялық қорларына деген қажеттілікті күшейтті: олар әзірге адамзаттың азық-түлік “ризығының” 2%-ін ғана қамтамасыз етуде  (дегенмен жануар текті белоктың 12-15%-ін қамтамасыз етеді).Әрине , балық пен теңіз өнімдерін өндіруді арттыра беріге болады және керек те. Үшіншіден, халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің тереңдеуі, дүниежүзілік сауданың тез өсуі теңіз теңіз тасымалының ұлғаюымен қатар жүріп жатады. Бұл өз кезегінде өндіріс пен халықтың теңізге қарай бетбұрыс  жасауына және теңіз жағалауындағы көптеген аудандардың қарыштап дамуна себепші болады.Мәселен,көптеген ірі теңіз порттары өнеркәсіпті порт кешендеріне айналды,мұндай кешендерге кеме жасау, мұнай-химия, металлургия секілді салалар тән ,

ал соңғы уақытта кейбір ең жаңа салалар дами бастады. Теңіз маңайындағы урбандалу кең көлемде дамуда.Дүниежүзілік мұхит және мұхит – құрлық аймағы шеңберіндегі бүкіл өндірістік және ғылыми қызметтің нәтижесінде дүниежүзілік шаруашылықтың айрықша ыр құрамдас бөлігі – теңіз шаруашылығы пайда болды. Оның құрамына өндіретін және өндейтін өнеркәсіп, энергетика ,балық аулау,көлік,сауда, тынығу және туризм енеді. Тұтас алғанда, теңіз шаруашылығында кемінде 100 млн. адам жұмыс істейді.Сонымен бірге мұндай әрекет дүниежүзілік мұхиттың ғаламдық проблемасын туғызды. Оның мәні мынада: мұхит қорларыныңигерлуі өте әркелкі, теңіз ластанып барады, ол әскери әрекет майданы ретінде пайдаланудa.Сондықтан БҰҰ-ның теңіз хұқы жөнінде 1982 ж. қабылдап, “Теңіздер хартясы “ деп атаған Конвенциясының өте зор маңызы бар. Ол жағалаудан 200 теңіз милі экономикалық аймағын белгілеп,ондағы жағалық мемлекеттердің де биологиялық және минералдық қорларды пайдалануға егеменді хұқы бар екенін атап көрсетті. Дүниежүзілік мұхитты пайдалану проблемасын шешудің негізгі жолы – мұхит табиғатын тиімді пайдалану проблемасын шешудің негізгі жолы – мұхит тбиғатын тиімді пайдалану, оның байлықтарына бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың күш жігерін біріктіру негізінде теңестірілген, жинақы қөзқарастар тұрғысынан келу. 8. Ғарышты бейбіт мақсатта игеру: жаңа көкжиектер. Ғарышғаламдық орта, адамзаттың ортақ игілігі болып табылады. Қазір, ғарыштық бағдарламалар елеулі күрделене түскенде, оларды орындау көптеген елдер мен халықтардың техникалық, экономикалық, интнлектуалдық күш-жігерін шоғырландыруды талап етеді. Сондықтан ғарышты игеру аса маңызды халықаралық, ғаламдық проблемалардың біріне айналды.

Ғаламдық проблемалардың өзара байланыстылығы. Дамушы елдердің артта қалушылығын жою – аса ірі жалпы дүнежүзілік проблема. Сендердің көріп отырғандарындай, адамзаттың ғаламдық проблемаларының әрқайсысының нақты өз мазмұны бар.Бірақ оларды бәрі өзара тығыз байланысты:Энергетикалық және шикізат проблемалар экологиялық проблемамен, экологиялық проблема демографиялық проблемамен, ал демографиялық проблема азық-түлік проблемасымен өзара байланысты және т.б. Адамзаттың ғаламдық проблемалары арасында жаңа дүниежүзілік соғысты болғызбау проблемасы айрықша орын алады. Алайда қарулану экономикасынан қарусыздану экономикасына көше бастаған қазіргі кезде ғаламдық проблемалардың көпшілігі ауырлық күші барған сайын дамушы елдерге қарай орын ауыстыруда. Олардың артта қалуы өте күшейіп барады . Мұндай артта қалушылықтың басты көрінісі мен себебі – кедейлік, қайыршылық. Азия,Африка және Латын Америкасын елдерінде халықтың 40%-і нағыз қайыршылық жағдайларда өмір сүруде.Қаланың лас шеттері мен шалғай елді мекендердің тұрғындары неғұрлым бай елдердегі тұрмыс деңгейінің 5-10%-ін құрайтын тұрмыс деңгейіне қанағаттануға мәжбүр болып отыр.Дамушы елдерде азық-түлік проблемасы қайғылы, тіпті апатты сипат алып барады деуге болады. Әрине, әлемде аштық пен тойып тамақ ішпеу адамзат дамуының алғашқы кезенінен - ақ белгілі.Қытайда, Үндістанда, Ирландияда, Африканың көптеген елдері мен Кеңес Одағында орын алған аштық ошақтары XIX – XX ғасырларда көптеген миллинодаған адамдардың өмірін қиды. Бірақ ҒТР дәірінде аштықтын және Батыстың экономикасы дамыған елдерінде азық – түліктің артық өндірілуі – бұл шын мәнінде біздің заманымыздағы күтпеген

құбылыстардың бірі. Бұл да дамушы елдердің жалпы арта қалуы мен кедейлігінен туған құбылыс. Бұл құбылыс ауыл шаруащылық өндірісінің оның өнімдеріне деген қажеттіліктен әлде қайда артта қалуына әкеп соқтырды. Қазіргі кезде халқының едәуір бөлігі аштан өлу мегінде тұрған Африка мен Азияның «жасыл революция» жүргізбеген ең артта қалған елдері «аштық географиясын» ашып отыр. 70-тен астам дамушы ел азық-түлікті сырттан әкелуге мәжбүр болуда.

**Негізгі түсініктер:** тұрақты даму деңгейлері, экологиялық ынтымақтастық, халықаралық ұйымдар, экологиялық мәселелер, экологиялық дағдарыстар.

Тұрақты дамудың деңгейлері –локальды, аймақтық, ұлттық, мемлекетаралық, ғаламдық. Тұрақты дамудың әр деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және саяси факторлар өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған біртұтас процесс ретінде қарастырылады. Экологиялық факторлар -өркениет дамуының шекаралық ауқымын анықтайды. Экономикалық факторлар нарықтық жүйенің қалыптасуын қарастырады. Әлеуметтік факторлар -ауыл-шаруашылығы, адам құқығы, демография мәселелерін қарастырады. Елде қалыптасқан саяси ахуал тұрақтылықтың, конфессияаралық келісімнің, демократия мен қоғамдық институттарды дамытудың үлгісін көрсетуге мүмкіндік береді.

Тұрақты дамуды қамтамасыз ететін халықаралық ұйымдар.

Әлемдік даму моделінің нәтижесі дәлелдегендей, мемлекеттер, ұлттар экологиялық проблемаларды шешуге міндетті түрде өте жауапкершілікпен келукеректігі, яғни халықаралық қарым – қатынастың бірнеше негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

1. Шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында адамзат баласының қолы тимеген және экологиялық тепе – теңдікті ұстап тұруға себебін тигізетін табиғи жүйелерді сақтау;
2. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, оның ішінде табиғи ортаның ассимиляциялық потенциалын қорғау;
3. Халықаралық экологиялық жауапкершіліктің тиімді жүйелерін жасау (соның ішінде, әскери қимылдар кезінде қоршаған ортаны бүлдіргендегі жауапкершілік).

Халықаралық ынтымақтастықтың келесі формаларын бөліп көрсетуге болады:

1. **Парламентаралық** ынтымақтастық,мемлекет арасындағы экологиялық проблемаларды шешуді қамтамасыз жасауға бағытталған, бұнда заңдылық қызметін үйлестіреді. Осында экологиялық заңдар модельдерін жасау қарастырылған, бірақ ұсыныс ретінде.
2. ***Жекеленген мемлекеттердің*** атқарушы құрылымдарын, өзара қарым – қатынасын ұйымдастыру, БҰҰ қамқорлығымен жүзеге асатын экологиялық бағдарламалар бағытын реттеп отырады.
3.**Конвенциялық** (арнаулы мәселе жөніндегі халықаралық шарт) жекеленген территориялармен обьектілердің нақты экологиялық проблемасын шешуге біркелкі тәсілдер.

**Ғылыми – техникалық** ынтымақтастық ғылыми сипатта өзара мәліметтер алмасуға бағытталған.

**Халықаралық экологиялық ынтымақтастық қызметінің негізгі принциптері**.1970 жылдардың басында, қоғам мен табиғат арасында жеткілікті экология – экономикалық проблемалар адамзатқа әлемдік қауіп туғызатын, оның салдарынан планета биосферасына үлкен өзгерістер болатындығы белгілі болды.Бұл оған қоршаған ортаны қорғау саласындағы БҰҰ бағдарламасында ЮНЕП деп аталады. Осы орган тұрақты негізде жұмыс жасап жатыр, оның штаб пәтері Найроби (Кения) орналасқан. Айнала қоршаған ортаны қорғау көп қырлы, кешенді проблема екені белгілі, бұған байланысты ЮНЕП

қызметіне қосымша оның кейбір жеке аспектлерімен келесі мамандырылған ұйымдар, БҰҰ басшылығымен жұмыс істейді:

**ЮНЕСКО** –ғылым, білім, мәдениет саласындағы **БҰҰ** мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен бітімгершілік келісім – шарттарын жүргізуге ықпал жасайтын арнайы мамандырылған мекеме. Оның негізі 1946 жылы құрылған. Штаб – пәтері Францияның астанасы Париж қаласында орналасқан. Ол экология саласында "Адам және биосфера" және "Адам және оны қоршаған орта" бағдарламалары бойынша жұмысты орындайды, адам мен айнала орта байланысы және оның әлеуметтік – экономикалық факторларының дамуында зерттеулержүргізеді;

**ФАО – ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу және өндіруді жақсарту міндетін** атқарады, агросфераға инвестиция тартуға, топырақ құнарлығын арттыру мен жер ресурстарын ұтымды пайдалану,қорғау; жаңа және өзгеше энергия көздерін өндіруді, игеруді ықпалын тигізуге көмектеседі. ФАО негізі 1945 жылы құрылған. Бұл мекеменің штаб – пәтері Италияның астанасы Рим қаласында орналасқан.

**ВОЗ (Әлемдік денсаулық сақтау ұйымы)** - әлем халықтарының денсаулығын қадағалайды, экологиялық қауіпсіздікті сақтау мақсаты жүктелген, оған тұщы сумен қамтамасыз жасау, тамақ және қалдықтарды жою міндеттері қамтылған. ВОЗ мекемесі 1946 жылы құрылды.Әртүрлі қауіпті ауру түрлеріне қарсы емдеу шараларын іздестіреді, халықаралық деңгейдегі санитарлық ережелерді жасайды, сондай – ақ емдеу дәрілердің сапалық жағын тексереді. Дамушы елдердегі халықтардың денсаулығын жақсартуға көмектеседі. Штаб – пәтері Женева қаласында орналасқан.

**ЮНИДО** – халықаралық жаңа экономикалық тәртіпті бекіту және өнеркәсіптің дамуына оң ықпал жасау мен қолдау жүктелген;

**МАГАТЭ** – радиациядан қорғану, қауіпсіздік шараларын жасау міндеті бекітілген, бұған радиоактивтік материалдарды айнала ортаға экологиялық зиянын тигізбей тасымалдау мен қалдықтарды жою міндеті тапсырылған. Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану ісінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту бағытында пайда болған агенттік. Қазіргі кезде бұл агенттік барлық елдердегі атом электр станцияларының қауіпсіздігін қадағалайды. Бұл агенттік 1957 жылы БҰҰ шешімімен құрылған, штаб – пәтері Вена қаласында орналасқан.

**ВМО (Әлемдік метеорологиялық мекеме)** – бұл мекеме негізі 1873 жылы құрылған, бірақ 1947 жылдан бастап БҰҰ құрамына енді. ВМО басшылығымен әлемдік ауа райын бақылау қызметі жұмыс істейді, оның негізгі міндеті планетадағы табиғат күштері мен құбылыстары жайлы жалпы мәліметтер мен бақылау жасау. Бұл ұйым метеорологиялық бақылау мен зерттеу бағытында халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сондай – ақ ұлттық метерологиялық қызметтің жұмысын үйлестіру. Штаб – пәтері Женева қаласында орналасқан.

**МСОП (Табиғатты және табиғи ресурстарды қорғаудағы халықаралық одақ)** – бұл одақ ЮНЕСКО және ФАО жанындағы халықаралық кеңес пен ұсыныс беруші мекемк. МСОП әлемдік табиғат қорғау стратегиясын жасады және барлық елдерге оны орындау жөнінде ұсыныс береді. МСОП 1948 жылы құрылған. Ұйымның орналасқан қаласы Глан (Швецария).

**МЮО**- Халықаралық құқық ұйымы 1968 ж құрылған, қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық сұрақтарын дайындауға ықпал етеді.

**МЭС**- Халықаралық экологиялық сот. 1994 ж қарашада Мехико конференциясында заңгерлердің ұсыныс бойынша құрылған ұйым. Әлемдік экологиялық іс-әрекеттерді әділ шешуді қажет ететін мәселелерді шешумен айналысады. Бұл ұйымда әлемнің 24 елінен 29 судья жұмыс істейді.

**WWF**-жабайы табиғатты қорғау фонды (ағыл. *WWF — World Wide Fund for Nature)* — 1961 ж құрылған. 27 ұлттық бөлімшелері бар.
**МОТ** –Халықаралық еңбек ұйымы. 1919 ж еңбек қауіпсіздігінің шарттарын қамтамасыз ету және биосфераның ластануын азайту мақсатында құрылған ұйым.
**ГРИНПИС** (Greenpeace — «Жасыл әлем») — қоршаған ортаның деградациясының алдын алуды мақсат етіп қойған тәуелсіз халықаралық қоғамдық ұйым. 1971 ж Канаданың Ванкувер қаласында құрылған 1,5 млн мүшесі бар, 1/3— американдықтар. Әлемнің 32 елінде бөлімдері бар.

**5.4. Иллюстрациялық материал:**
а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
б) оқу орны: аудитория
Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

**5.5.Әдебиет:**
1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
**3.Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбина арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1
**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1
**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземпляры: всего:1
**6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбина арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9
**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

**3.Қосымша:**
1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика ) Экземпляры: всего:1
5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20

6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Странынароды», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

**5.6. Сабақты қорытындылау.** 15 мин.
**Бақылау сұрақтары:**
1.Халықаралық экологиялық ынтымақтастық қызметі.
2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.
**Үй тапсырмасы.** 5 мин.